

**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы
білім беру бөлімінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы № 44 мектеп
гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорнының өзін-өзі бағалауының қорытынды
А Н Ы Қ Т А М А С Ы**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының міндетін атқарушы Н.Габдушевтің 2023 жылғы 24 мамырдағы №256 бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

1.	<i>Тлекенова Бибигуль Сауровна</i>	гимназия директоры - комиссия төрайымы;
2.	<i>Апакаева Венера Турегельдиевна</i>	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – комиссия төрайымының орынбасары;
3.	<i>Закиева Гульдана Умирхановна</i>	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
4.	<i>Карагойшина Гульбану Женисовна</i>	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
5.	<i>Темирбаева Куралай Хабибуллақызы</i>	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
6.	<i>Өмірзақ Гульнур Жанатқызы</i>	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
7.	<i>Зулкашева ШынарМ улкаевна</i>	директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
8.	<i>Баянтасов Талгат Утемисович</i>	директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
9.	<i>Ахметова Самал Бакытжановна</i>	Математика пәні мұғалімі - комиссия мүшесі;
10.	<i>Сарсенова Гауһар Сатыбалдықызы</i>	Мектеп психологі – комиссия мүшесі;
11.	<i>Мусағалиев Бауыржан Бакытжанович</i>	қамқоршылық кеңесінің төрағасы – комиссия мүшесі;

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар қаралды:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

БСН 010140002358 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2022 жылғы 18 қарашасында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 12 қаңтар 2001 жыл.

Заңды мекен-жайы: 090000 Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы, Д.Қонаев атындағы шағын аудан, құрылыс 54.

Электрондық мекен-жайы mg_44@mail.kz

Интернеттегі ресми сайт: <https://44-mektep.edu.kz/ru/>

<https://sh44-uralsk.bkgov.kz/kz/about-us>

Әлеуметтік желідегі ресми парақшалар:

https://instagram.com/44_shgim?igshid=MzRIODBiNWFIZA==

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100063693321931&mibextid=LQQJ4d>

Телефон, факс: 8 (7112) 28-69-84.

Мекеменің техникалық паспорты 2021 жылы 29 қарашада жасалған. Сериясы –А, қабат саны-3+П,Т, құрылыс ауданы-2695,7, ғимараттың ауқымы-34505, жалпы алаң-9113,3, салынған жылы-2000 жыл (*көшірме қосымша ұсынылады*).

«Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК басқару органы - «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы - «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі».

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы №968 қаулысы негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 2,88375 га) кадастрлық номері: **08-130-035-544:1** (*көшірме қосымша ұсынылады*).

Білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, мекеменің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 19 желтоқсан 2022 жылғы №KZ06LAA00032976, мерзімі–шектелмеген (*көшірме қосымша ұсынылады*).

Мекеменің қаржы-экономикалық жағы жеке жүргізіледі. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар. БҚО әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің

«Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК

КБе 16

KZ3594813KZT22030694

БИК EURIKZKA "Евразийский Банк" АҚ

«Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК-ның мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Гимназия директоры Тлекенова Бибигуль Сауровна 2020 жылы 13 мамырдағы Орал қалалық білім беру бөлімінің №28 §1 бұйрығымен мекеменің директоры қызметіне тағайындалды.

Мектеп-гимназия, Мемлекеттік аттестаттаудан соңғы рет 2013-2014 оқу жылында өтті.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 2 тарауының 2 тармақшасына сәйкес білім беру ұйымының 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзін бағалауды жүргізді.

I. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің кадрлық құрамға талдау. (*№2 қосымша қоса берілді*)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназия ШЖҚ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтер құрамы: 2021-2022 оқу жылында 6 тәрбиеші, 2022-2023 оқу жылында-6 тәрбиеші, 2023-2024 оқу жылында да 6 тәрбиеші қызмет атқаруда. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша педагогтердің үлесі - 100%.

Тәрбиешілердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәлімет

Оқу жылы	2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
	Тәрбиешілер саны	%	Тәрбиешілер саны	%	Тәрбиешілер саны	%
Барлығы	6	100 %	6	100 %	6	100 %
жоғары санат						
бірінші санат						
екінші санат	4	66,6%	3	50%		
«педагог-модератор»			2	33,3%	5	83,3%

Мұғалімнің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтық тәжірибесі дамуының алғы шарты. Сондықтан, тәрбиешілеріміздің курстардан өтуі 100% сапаны құрайды.

Тәрбиешілердің білімін арттыру курстан өту көрсеткіші.

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Тәрбиешілер саны	Курстан өткен тәрбиешілер саны	Тәрбиешілер саны	Курстан өткен тәрбиешілер саны	Тәрбиешілер саны	Курстан өткен тәрбиешілер саны
6	2	6	3	6	6
	33,3%		50%		100%

3. Тәрбиеленушілер контингенті

Тәрбиеленушілердің жалпы саны	2021-2022	2022-2023	2023-2024 Ітоқсан
Жыл басындағы	138	148	132
Жыл барысында келгендер	9	10	Ітоқсан-4
Жыл барысында кеткендер	8	11	Ітоқсан-1
Жыл аяғындағы тәрбиеленушілердің саны	137	149	Ітоқсан соңы 135

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

2021-2022 оқу жылында бмектепалды даярлық сыныптары (137 тәрбиеленуші: мектепалды даярлық «А» сыныбында - 22, «Б» сыныбында – 23, «В» сыныбында- 21, «Г» сыныбында -22, «Д» сыныбында-24, «Е»сыныбында-25 тәрбиеленуші білім алды.

2021 - 2022 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбының оқу жұмыс жоспары төмендегідей құжаттарды басшылыққа ала отырып, жасақталды:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына (1-қосымша) бекітілген .Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары балалардың өмір бойына әлеуметтік табыстылық пен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге қажетті физикалық, тұлғалық, зияткерлік қасиеттерін дамытуға негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Оқу жоспарының инвариативтік бөлігі бес білім беру саласын («Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет») қамтиды және баланың мектепте білім алуға бағытталған әлеуметтік мүмкіндігін ашуды көздейді. Жоғарғы шекті оқу жүктемесі 20 сағатты құрайды.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарында оқу жүктемесі 20 сағатты құрайды, оның ішінде 17 сағаты сабақтарға, 3 сағаты – вариативтік компонентке қарастырылған.

«Денсаулық» білім беру саласына 3 сағат. Бұл сағаттың 2,5 Дене шынықтыруға, 0,5 Қауіпсіздік мінез – құлық негіздері пәндеріне берілген.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша 5 сағат берілген. Бұл сағаттың 1 сағаты Сөйлеуді дамыту, 1 Көркем әдебиет және 2 Сауат ашу негіздері, 1 сағаты Орыс тілі пәндеріне бөлінген.

«Таным» білім беру саласы бойынша 2,5 сағат берілген. Бұл сағаттың 1 сағаты Математика негіздері, 0,5 Құрастыру және 1 сағаты Жаратылыстану пәндеріне берілген.

«Шығармашылық» білім беру саласына 5 сағат берілген. Бұл сағаттың 1 сағаты Сурет салу, 1 сағаты Мүсіндеу және 2 сағаты Музыка мен 1 сағаты Жапсыруға берілген.

«Әлеумет» білім беру саласына 1,5 сағат берілген. Бұл сағаттың 0,5 сағаты Қоршаған ортамен таныстыру және 1 сағаты Өзін - өзі тану мен таңдауы бойынша ҰОҚҰ кіреді. Оның саны-3 сағат.

Вариативтік бөлімде 3 сағат берілген. Логикалық ойлау қабілетін, есте сақтау және зейінін, функциональдық сауаттылық дағдысын қалыптастыру, қиялын сынып тұрғыдан ұштау мақсатында «Математика баспалдағы» 0а,б,в,г,д,е сыныптарына аптасына 1 сағаттан (авторы: Мухамбеткалиева Г.М, Құрманбаева А.М қала көлемінде таратылған хаттама №1 16.10.2018 ж) таңдап алынды.

Жас ұрпақтың ұлттық спорт, ұлттық өнер арқылы ойын дамыту, ұлттық рух – жігерін көтеру мақсатында «Алтын ұрпақ» жобасын жүзеге асыру аясында «Қазақ бийі» 0а,б,в,г,д,е сыныптарына аптасына 2 сағаттан алынды. (облыс көлемінде таратылған хаттама № 2/1 15.04.2019ж. Авторлары: Т.М Амреева, Г.А Қуанышева.

2022-2023 оқу жылында 6 мектепалды сыныптары (149 тәрбиеленуші: мектепалды даярлық «А» сыныбында-25, «Б» сыныбында-25, «В» сыныбында-23, «Г» сыныбында-25, «Д» сыныбында-25, «Е» сыныбында-26 тәрбиеленуші) құрылды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут

2022-2023 оқу жылында мектепалды сыныбының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 3-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 3-қосымшасымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары; Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарында оқу жүктемесі 20 сағатты құрайды. Ұйымдастырылған іс-әрекет, денешынықтыру-3сағат, сөйлеуді дамыту-2сағат, сауат ашу негіздері-3сағат, математика негіздері-3сағат, қоршаған ортамен таныстыру-2сағат, шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті (музыка)-2сағат болды.

2023-2024 оқу жылында 6 мектепалды сыныптары (135 тәрбиеленуші: мектепалды даярлық «А» сыныбында-23, «Б» сыныбында-22, «В» сыныбында-23, «Г» сыныбында-22, «Д» сыныбында-23, «Е» сыныбында-22 тәрбиеленуші) құрылды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут. 2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныбының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 3-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 3-қосымшасымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары;

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарында оқу жүктемесі 20 сағатты құрайды. Ұйымдастырылған іс-әрекет, денешынықтыру-3сағат, сөйлеуді дамыту-2сағат, сауат ашу негіздері-3сағат, математика негіздері-3сағат, қоршаған ортамен таныстыру-2сағат, шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті (музыка)-2сағат болды.

(2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының оқу жоспарлары қоса берілді)

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ететін өтпелі тақырыптар негізінде жасалды.

Бағдарламаның мазмұнын басшылыққа ала отырып, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы жылдық перспективалық жоспарлары мен апталық циклограммалары бекітіліп отырылды. Жылдық жұмыс жоспарларының қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру жұмысы бойынша түрлі қимыл біліктері мен дағдылары арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, баланың әрбір білім беру салалары және үлгілік бағдарлама мазмұнын тұтас меңгеру деңгейін анықтауға ықпал етілді.

Жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда балалардың ерекшеліктері ескерілді.

2021-2022 оқу жылы психологиялық дәрігерлік педагогикалық консультация қорытындысы бойынша есепте тұрған ерекше білімді қажет ететін оқушылар тіркелді.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше оқытуда қажеттіліктері оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды орын атқарады. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың жүйелі ұйымдасқан жағдайда ғана, бір тұтас әрекетінің барысында білім беру тәрбие үдерісінде өз мүмкіндігі мен қажеттіліктеріне сәйкес оқуы мен дамуы үшін қажетті әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау балаға көмек көрсетудің ерекше түрі ретінде қарастырылады. Дамуында мүмкіншіліктері шектеулі оқушыларды психологиялық педагогикалық қолдау психологиялық дәрігерлік педагогикалық консультация (ПДПК) қорытындысы мен ұсынымдары негізінде ұйымдастырылып отыр.

Мектепалды даярлық сынып бойынша 2 оқушы бар: **Жалмұхан Диас** 0 «е» ПДПК қорытындысы шығыс №2069 10.06.21ж Психикалық дамуы тежелген. Жалпы сөйлеу тілі толық жетілмеген I деңгей.

Бабанова Айсана 0 «а» ПДПК қорытындысы шығыс №1931. 27.05.2021ж Жалпы сөйлеу тілі толық жетілмеген III деңгей. Әрбір оқушының жас ерекшелігін, білім деңгейін, танымдық қабілетінің ескере отырып пән мұғалімдері, мектеп психологы, дефектологпен ақылдаса отырып жеке жұмыстану бағытында (ИРП) жеке дамыту бағдарламасы құрастырылды. ЖДБ-да оқу кезеңдерін сақтай отырып негізгі бағыттары, лексикалық, грамматикалық түсініктері жұмыстары жоспарланады. ЖДБ-да түзетудің мақсаттары, міндеттері қойылады, оның мақсатқа жету нәтижесін көреміз.

Қорытындылар бойынша :

Психика-лық дамуы тежелген	Жалпы сөйлеу тілі толық жетілмеген	Барлығы
1	1	2

2022-2023 оқу жылы психологиялық дәрігерлік педагогикалық консультация қорытындысы бойынша есепте тұрған ерекше білімді қажет ететін оқушылар бар.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше оқытуда қажеттіліктері оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды орын атқарады. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың жүйелі ұйымдасқан жағдайда ғана, бір тұтас әрекетінің барысында білім беру тәрбие үдерісінде өз мүмкіндігі мен қажеттіліктеріне сәйкес оқуы мен дамуы үшін қажетті әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау балаға көмек көрсетудің ерекше түрі ретінде қарастырылады. Дамуында мүмкіншіліктері шектеулі оқушыларды психологиялық педагогикалық қолдау психологиялық дәрігерлік педагогикалық консультация (ПДПК) қорытындысы мен ұсынымдары негізінде ұйымдастырылып отыр.

Мектепалды сынып топтары бойынша- 3 бала: **Каментаяев Сұлтан** 0 «б» ПДПК қорытындысы шығыс №1735 19.05.22. Психикалық дамуы тежелген. Жалпы сөйлеу тілі толық жетілмеген II-III деңгей.

Темур Аян 0 «д» ПДПК қорытындысы шығыс №1999 13.06.22 Психикалық дамуы тежелген. Жалпы сөйлеу тілі толық жетілмеген II деңгей

Муратов Турехан 0 «г» Жалпы сөйлеу тілі толық жетілмеген.

Жеке дамыту бағдарламасын құрастыру мақсаты ерекше білім алуда бар баламен түзету жұмыстарын ұйымдастыру және әр апта сайын нәтижесін бақылап отырады. ЖДБ жазған кезде пән мұғалімдері, мектеп психологі, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог бірігіп жұмыстанды.

Психика-лық дамуы тежелген	Жалпы сөйлеу тілі толық жетілме ген	Барлығы
2	1	3

Әрбір оқушының жас ерекшелігін, білім деңгейін ескере отырып пән мұғалімдері, мектеп психологы, логопед, дефектолог жеке жұмыстану бағытында (ИРП) жеке дамыту бағдарламасы құрастырды. ЖДБ-да оқу кезеңдерін сақтай отырып негізгі бағыттары қарастырылады, оның ішінде түзетудің мақсаттары мен міндеттері қойылып әр апта сайын оның мақсатқа жету нәтижесін көріп отыруға болады. Жеке дамыту бағдарламасын құрастыру мақсаты ерекше білім алуда бар баламен түзету жұмыстарын ұйымдастыру және әр апта сайын нәтижесін бақылап отырады. ЖДБ жазған кезде пән мұғалімдері, мектеп психологі, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог бірігіп жұмыстанды.

2023-2024 оқу жылы психологиялық дәрігерлік педагогикалық консультация қорытындысы бойынша есепте тұрған ерекше білімді қажет ететін оқушылар бар.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше оқытуда қажеттіліктері оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды орын атқарады. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың жүйелі ұйымдасқан жағдайда ғана, бір тұтас әрекетінің барысында білім беру тәрбие үдерісінде өз мүмкіндігі мен қажеттіліктеріне сәйкес оқуы мен дамуы үшін қажетті әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау балаға көмек көрсетудің ерекше түрі ретінде қарастырылады. Дамуында мүмкіншіліктері шектеулі оқушыларды психологиялық педагогикалық қолдау психологиялық дәрігерлік педагогикалық консультация (ПДПК) қорытындысы мен ұсынымдары негізінде ұйымдастырылып отыр.

1. **Ахмет Бексұлтан** ПДПК қорытындысы шығыс №1714 18.05.23.

Психикалық дамуы тежелген. Жалпы сөйлеу тілі толық жетілмеген І деңгей.

2. **Жумагереев Алишер** ПДПК қорытындысы шығыс №1724 18.05.23.

Психикалық дамуы тежелген.

3. **Мухамбетжанов Ибрахим** ПДПК қорытындысы шығыс № 1731 18.05.2023ж

Психикалық дамуы тежелген. Жалпы сөйлеу тілі толық жетілмеген ІІ деңгей

4. **Аманғали Айша** ПДПК қорытындысы шығыс № 2019 22.08.2023ж

Психикалық дамуы тежелген. Жалпы сөйлеу тілі толық жетілмеген І деңгей.

Әрбір оқушының жас ерекшелігін, білім деңгейін ескере отырып пән мұғалімдері, мектеп психологы, логопед, дефектолог жеке жұмыстану бағытында (ИРП) жеке дамыту бағдарламасы құрастырды. ЖДБ-да оқу кезеңдерін сақтай отырып негізгі бағыттары қарастырылады, оның ішінде түзетудің мақсаттары мен міндеттері қойылып әр апта сайын оның мақсатқа жету нәтижесін көріп отыруға болады. Жеке дамыту бағдарламасын құрастыру мақсаты ерекше білім алуда бар баламен түзету жұмыстарын ұйымдастыру және әр апта сайын нәтижесін бақылап отырады. ЖДБ жазған кезде пән мұғалімдері, мектеп психологі, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог, педагог-ассистент бірігіп жұмыстанады.

Жоғарыда көрсетілген білім алушыларға ерекшеліктері басшылыққа алынып, жеке дамыту бағдарламасы құрылып, түзете-дамыту сабақтары жүргізіліп, жеке ықпалмен оқытылуда. Сабақ барысында білімалушының ерекшеліктерін ескере отырып, жеке жұмыстануға тапсырмалар әзірленіп берілуде. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы оқытуда инклюзивті білім беру талаптары орындалуда.

Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

1.4. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы:

(2021-2022, 2022-2023,2023-2024(бақылау)жеке даму карталары жасақталды)

Мектепалды даярлық сыныбында тәрбиеленушілердің даму мониторингін қамтамасыз ететін

(бастапқы, аралық, қорытынды) нәтижелері талданып отырылды. Мектепалды даярлық сыныптарында білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг (бастапқы-қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында) жүргізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша «Бақылау парағы» толтырып, алынған мәліметтер негізінде 2021-2022, 2022-2023 (бастапқы,аралық,қортынды бақылау) 2023-2024 (бастапқы бақылау) оқу жылдары барлық тәрбиеленушілерге «Баланың жеке даму картасы» жасақталды. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімінде диагностика мәліметтерінің қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын көрсетті. Сонымен қатар, баланы одан әрі дамыту іс-шаралары циклограмманың «Жеке жұмыс» бөлімінде көрсетіліп, педагогтер жоспарлы түрде түзету жұмыстарын жалғастырып отырды.

Ұсынылған құжаттар негізінде мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарлары (карталары) әзірленді.

1.5.Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің нәтижелерін талдау; (2021-2022, 2022-2023 жылдары бастапқы , аралық қорытынды бақылау мониторингілері қоса берілді.

2023-2024 оқу жылы тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) бақылау қыркүйек айында жүргізілді.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары барлық тәрбиеленушілермен бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг өткізілді. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша меңгерген біліктері мен дағдыларының қорытындысының жоғары деңгейі 2021-2022 оқу жылы – 76,6%, 2022-2023 оқу жылы – 76,6% құраған. Ал,2023-2024 оқу жылында бастапқы мониторинг алынғандықтан 22,3% құрап отыр. Тәрбиеленушілердің білім білік дағдылары қалыптасып, жыл соңында жақсы көрсеткішке жетеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың бастапқы даму мониторингінде оның бастапқы кезеңдегі даму динамикасын тіркеп, олардың жеке дамуына жан-жақты педагогикалық қолдау көрсетіліп, одан әрі қарай түзету жұмыстары жүргізілуде.

Мектепалды сыныбы тәрбиеленушілерінің 2021 - 2022 оқу жылындағы үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгерудің қорытынды бақылау индикаторы бойынша 2020-2021 оқу жылының соңында 137, 2022-2023 оқу жылының соңында 149, 2023-2024 оқу жылының басында 135 тәрбиеленуші болды.

Соның ішінде 2021-2022 оқу жылы 2 тәрбиеленуші, 2022-2023 оқу жылы 3тәрбиеленуші, 2023-2024 оқу жылы 4тәрбиеленуші ерекше білім беруді қажет етеді

(§1.2. толық көрсетілді)

Тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) бақылауына сәйкес 2 жылдың нәтижесінде де I деңгейлі, яғни әріп танымайтын, 1-2 буынды сөздерді оқи алмайтын, өз ойын еркін (тәрбиешінің жетелуімен болса да) айта алмайтын, 20 көлеміндегі сандарды біліп, санай алмайтын, қоршаған орта туралы негізгі білімдері жоқ, өзара қарым-қатынасқа түсе алмайтын тәрбиеленуші болған жоқ.

Осылайша, жыл соңындағы қорытынды нәтижелерін талдай отырып, тәрбиеленушілердің стандарт талаптарына сай, балалардың жас және жеке ерекшеліктері бойынша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнын меңгергендігі анықталып отырылды.

Мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша жоспарға сай қызмет түрлері жүзеге асырылды. Осы оқу жылдарында тәрбиеленушілер түрлі деңгейдегі, түрлі тақырыптағы байқау, сайыстарға қатысты. Атап айтсақ, 2021-2022 оқу жылы 137 тәрбиеленушінің 30-ы, ал 2022 - 2023 оқу жылы 149 оқушының 28-і қашықтықтан ұйымдастырылған түрлі зияткерлік байқауларға қатысты.

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТОҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы:

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназия ШЖҚ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектепалды даярлық сыныбының жұмыс оқу жоспары мен оқу қызметтерінің кестелері апталық оқу жүктемесінің ең жоғары 20 сағат көлеміне сәйкес жасақталды.

2021-2022 оқу жылында 6 мектепалды даярлық сыныбы - 17 сағат инвариативтік 3 вариативтік компоненттен барлығы 20 сағат, «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы сағат көлемі сақталса, 2022-2023 оқу жылында 6 мектепалды сыныпқа, 2023-2024 оқу жылында 6 мектепалды сыныпқа 20 сағат құзыреттіліктерді басшылыққа ала отырып 1-3 және 2-4 аптаға бөлініп жасалынды. Кестелерде бес білім беру саласы, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жалпы көлемі, оқу қызметтерінің ұзақтығы, вариативтік бөлімге алынған сағат саны салынып, ұйым басшысымен мөрленіп бекітілді. *(сабақ кестесі, уақыт кестесі қоса беріледі)*

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектепалды сыныптарының жинақталуы, 1-сыныпқа көшірілуі стандартты негізге ала отырып жасақталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі-1 жыл, мектепалды жас-5 жастан және күнтізбелік жылда 5 жасқа толатын жастан бастап қабылданды.

2) Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау:

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары тәрбиеленушілерді 1-сыныпқа қабылдау «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығы) негізінде жүзеге асырылды.

2022, 2023, 2024 жылдары мектепалды сыныбынан шыққан алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балалар қабылданды. Қабылдау бірінші сыныпқа қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау сол жылдардағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызына mektep.snation.kz сайтына тіркеу арқылы жүзеге асырылды.

Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталып отырылды.

Мектепалды сыныбының тәрбиеленушілері дене бітімі дамыған, білуге құмар, өзіне сенімді және белсенді, эмоционалды елгезек, әлеуметтік дағдыларды және ересектермен, құрдастарымен өзара қарым-қатынас жасаудың, өз бетінше үйренудің дағдылары: өзі, отбасы, қоғам, мемлекет, әлем және табиғат жөнінде алғашқы түсініктері бар, білім беруде оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды игерді. Мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілері мектепке шығарылғанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген 16-тармағының талаптары сақталды.

5. Оқу-материалдық активтер

1.3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі- Үлгілік қағидалар) сақтау;

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер. (2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектепалды сыныптары екі кабинетте жабдықталды. №120, 121) №4 қосымша кесте қоса берілді.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер. №5 қосымша кесте қоса берілді.

Оқу жылы	Оқулық түрі	Оқушы саны	Барлық қоры
2021-2022	15	137	2055
2022-2023	12	149	1788
2023-2024	15	134	2010

7. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнама нәтижелеріне талдау

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында 135 бала тәрбиеленуде. Балалардың біліктері мен дағдыларын игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау мақсатында мектепалды даярлық сыныптарының тәрбиешілері мен ата-аналарына сауалнама жүргізілді. Тәрбиешілердің сауалнама қорытындысы бойынша қатысқан 6 -ң жауап беру көрсеткіші 100% құрап отыр. Ұстаздар арасында ахуал қалыпты. Оқу материалдық базамен қамтылған. Әдістемелік көмек көрсетіледі. Білім алушы мен педагог арасындағы психологиялық қолайлы ахуал қалыптасқан.

Мектеп- гимназиямыздың мектепке дейінгі сыныптардың ата-аналарының сауалнама нәтижелерінің талдауында сауалнама қорытынды бойынша 135 ата -ана қатысып, жауап беру көрсеткіші 100% құрап отыр.

Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген деген сауалға 14% қарсылық білдірсе, Мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетеміз- деген сауалға ата-аналар белсенділігі төмен екендігін көрсетті. Жалпы тәрбиешілер мен оқушы арасында тығыз қарым - қатынас қалыптасқан. Оқушылар өзара пікір алмасады. Психологиялық қолайлы ахуал көрініс тапқан. Мектеп өміріне белсене араласып, балалар ортада өздерін қауіпсіз сезінеді.

1.Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйым қызметінің кадрлық құрамына талдау. №7 қосымша қоса берілді

Оқу жылы	2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
	мұғалім	%	мұғалім	%	мұғалім	%
Мұғалімдер саны	174	100	174	100	179	100
Жоғары білім	168	96,5	169	96	172	96
Арнаулы орта	4	4	5	4	5	4
ЖОО-да оқып жатқандар саны	2		2		2	
Магистр	16	9,1	20	1,6	25	14
Магистрант	4	2	5	2,8	7	4

Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәлімет:

2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарында барлық мұғалімдер саны –174, 2023-2024 оқу жылында жалпы педагогтер саны 179-ға өсті, ал жоғары білімді педагогтер үлесі өзгеріссіз 96%-ды құрайды. Оқу жылдарын салыстыра келгенде магистрлер саны мен магистранттар саны артып келетіні байқалады, яғни жоғары білімнен кейінгі білімді игерген педагогтер саны 16-дан 25-ке өскен.

2023-2024 оқу жылында жаңадан қабылданған информатика пәні мұғалімі Сабыргалиева Айгерим Қайратовнаның жоғары педагогикалық білімі жоқ болғанымен, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Кәсіптік білім» мамандығын алған және Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде Информатика білім беру бағдарламасы бойынша 2 курста оқып жатыр, «Өрлеу» БАИ педагогикалық қайта даярлаудан өткен, растайтын құжаты бар. (Дипломдары мен анықтамасы, курс сертификаты тіркелді) Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтер үлесі (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей)

2021-2022 оқу жылында тамыз-желтоқсан 2020 жылғы №192 бұйрық 2-параграф «Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру тәртібі» негізінде жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – GPA көрсеткішінің 3 балынан төмен емес; жоғарғы оқу орынын бітіріп келген 5 жас маман (Махамбетова Н, Бақытжанова А, Қарекенова П, Ахмедуллина Ә, Жақсыбаева Д) «педагог -модератор» біліктілік санаттары берілді сонымен қатар 4 педагог-шебер (Тлекенова Б., Карагойшина Г, Жаннатова А., Дюсенбаева Л), 2 педагог-зерттеуші (Рахматтулина З, Байхан Б), 9 педагог-сарапшы (Темирбаева Қ, Муханғалиева Г, Исмагулова Д, Куанова Д, Утепова Е, Батырғалиева Д, Нургазинова Ш, Тоғжанова А, Айдынғалиева А), 15 педагог-модератор (Жалмұхан Ж, Салыкова А, Хамзина Г, Құрманғалиев Д, Өтегенова Ә, Хусаинова М, Талапова А, Шәріпова А, Жардемова А, Кабдулқай А, Кабылханова А, Сүйіншева Н, Джуламанова Б, Балмуханова А, Толегенова Э) өз санаттары бойынша растады және біліктілік санаттарын көтерді. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығының 51 тармағына сәйкес педагог-модератор санатына көтеруге өтініш берген математика пәні мұғалімі екінші санатты Шанғалиева Ж.Ж, жоғары санатты хореограф Сейтова С.К, бірінші санатты дене тәрбиесі пәні мұғалімі Еркінғалиева С.С, екінші санатты мектепалды даярлық топ тәрбиешісі Ибрашева Ф.У, қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өткенмен санаттары бойынша тиісті деңгейде балл жинай алмай тесттен өте алмады. Шанғалиева Ж.Ж, Сейтова С.К, Еркінғалиева С.С мектепшілік №121/1 бұйрығымен 2022 ж 1 қыркүйектен «педагог» біліктілік санатына төмендетілді. *(бұйрық қоса тіркелді)* Ибрашева Ф.У мектепшілік №121/1 бұйрығымен 2022 ж 1 қарашасынан «педагог» біліктілік санатына төмендетілді. *(бұйрық қоса тіркелді)*

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығының 52 тармағына сәйкес бастауыш сынып мұғалімі Танабаева А 2022 ж 1 қарашасынан «педагог» біліктілік санатына төмендетілді. *(бұйрық қоса тіркелді)*

2021-2022 оқу жылында қаңтар-мамыр аралығында 1 педагог-зерттеуші (Қайырғали Б), 1 педагог-сарапшы (Садыкова Ж), 4 педагог-модератор (Искалиева Ж, Артиғалиев Б, Тлек Д, Орынғалиева А) және Темирбаева Қ. екінші санатты басшысының орынбасары санаттары бойынша өтті. Осы оқу жылы Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтер үлесі 89%-ды құрады.

2022-2023 оқу жылында тамыз-желтоқсан аралықта тест тапсыруға база ашылмағандықтан 2023 жылға қалдырылды. 2023 ж қаңтар-мамыр аралығында «№338 бұйрыққа немесе кәсіптік стандартқа сәйкес жалпы педагогикалық өтілі ескеріле отырып, санатқа өту мерзімі мен реттілігін сақтай отырып өз біліктілік санаттарын растау және көтеру» мақсатында 32 мұғалім өтініш берді. Соның ішінде өз біліктілік санатын растауға- 3 мұғалім және біліктілік санатын көтеруге- 29 мұғалім өтініш берді.

Растайтын мұғалімдердің ішінде педагог-зерттеуші-2 (Каймуллина Т, Кенжеалиева Л), педагог-модератор-1 (Саматова С).

Біліктілік санатын көтеретін педагог-сарапшы- 7 (Машжанова А, Убаев Б, Кукенова В, Мухамбетқалиева Г, Бекмулдина Ж, Сисенова А, Мусина А), бірінші санатты-1 (Давлетова А), екінші санатты -4 (Назарова Ш, Кабиева Ж, Капуова А, Ибрашева Ф), жоғары санатты -1

(Жамелова А) , педагог-16 мұғалім (Шанғалиева Ж, Еркінғалиева С, Сейтова С, Шиганбаев Е, Бимуханов Е, Азаматова Р, Аскарова А, Умбетова Ж, Мендигалиева Г, Кайыргалиева А, Залмуханов Д, Жардемова А, Ищанова Р, Бахош Н, Габдулліева С, Сағиолла С). Жалпы жоспарланған біліктілік санаты бойынша педагог-зерттеуші-9 , педагог- сарапшы-2, педагог-модератор-21.

Барлық педагогтардың облыстық және қалалық «Педагогтарды аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі бойынша портфолио жинақтап, сараптамалық кеңес және аттестация кеңесінің отырыстарында қаралып, біліктілік санатын беруге (растауға) білім беру ұйымы педагогінің портфолиосын бағалау өлшемшарттарына сәйкес келді. 3- мұғалім Кенжеалиева Л.Т., Каймулина Т.А., Давлетова А.М. «3-параграф Педагогтерге оңайлатылған тәртіп бойынша біліктілік санатын беру тәртібінің 123 бөлімі бойынша бейіні бойынша 30 және одан да көп жыл педагогикалық және өндірістік өтілі бар педагогтер жаңа жүйе бойынша берілген біліктілік санатын растаған кезде ПББ тапсырудан босатылды және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтіп, өз санаттарын қорғады. Қаңтар-мамыр аралығында тест тапсырып өте алмаған Умбетова Ж.С., Жамелова А.Т, шілде айында қайта тапсырып, өз санаттары бойынша тиісті балл жинап санаттарын көтерді. Педагог-модераторға өтініш берген 6 мұғалім Сағидулла А.А, Еркінғалиева С.С, Залмуханов Д.Т., Шиганбаев Е.У., Сейтова С.Қ., Ищанова Р.О. қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өткенмен санаттары бойынша тиісті деңгейде балл жинамай , «педагог» санатында қалды.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығының 51 тармағына сәйкес педагог-зерттеуші санатына көтеруге өтініш берген бастауыш сынып мұғалімдері Мухамбеткалиева Г.М, Мусина А.К қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өткенмен санаттары бойынша тиісті деңгейде балл жинамай алмай тесттен өте алмады. Мухамбеткалиева Г.М., Мусина А.К БҚО Білім басқармасының 31 тамыз №767 бұйрығының №2 қосымшаға сәйкес «педагог-сарапшы» біліктілік санатынан 1 қаңтар 2024 жылға дейін «педагог-модератор» санатына 122 тармаққа сәйкес төмендетілді. (мектепшілік бұйрық қоса тіркелді) 2022-2023 оқу жылы бойынша біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтер үлесі 81,2%-ды құрайды.

Басшы, басшы орынбасарларының біліктілік санатының деңгейін үш жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған үлесі - 38%.

№	ТАӘ	Лауазымы	Лауазымы бойынша еңбек өтілі	Біліктілік санаты
1	Тлекенова Бибигуль Сауровна	Мектеп директоры	3 ж	2023-2024 оқу жылында арттырады
2	Апакаева Венера Турегелдиевна	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	2 ж	2024-2025 оқу жылында арттырады
3	Закиева Гулдана Умирзаковна	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	6 ж	2023-2024 оқу жылында арттырады
4	Зулкашева Шынар Мулкайевна	Мектеп директорының ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары	1 ж	2025-2026 оқу жылында арттырады

5	Карагойшина Гульбану Женисовна	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	23 ж	Бірінші санатты басшы орынбасары 31.12.2020 бұйрық №734
6	Байдашева Нұргүл Болатқызы	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	11 ж	Бірінші санатты басшы орынбасары 7.07.2021 бұйрық №478
7	Темирбаева Куралай Хабиболлақызы	Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	4 ж	Екінші санатты басшы орынбасары 22.08.2022 бұйрық №245
8	Өмірзақ Гүлнұр Жанатқызы	Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	0	2026-2027 оқу жылында арттырады

3. Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер үлесі

Оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
	Мұғалім саны	Мұғалім саны	Мұғалім саны
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы	20	38	51
«НЗМ» ДББҰ ПШО	10	23	16
ҰҒП дене тәрбиесі орталығы	1	4	2
Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕ АҚ			4
«Өрлеу» БАҰО АҚ	0	1 басшы	
«Өрлеу» БАҰО АҚ БҚО филиалы	2 басшы орынбасары	1 басшы орынбасары	
«НЗМ» ДББҰ ПШО		1 басшы, 2 басшы орынбасары	3 басшы орынбасары
Барлығы	33	68	76

Мұғалімнің кәсіби біліктілігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғы шарты болып табылады.

2023-2024 оқу жылы басталғаннан бері 76 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. Оның ішінде 51 педагог «Өрлеу» БАҰОФ БҚО БАИ, 16 педагог Орал қ ПШО филиалында, басқа орталықтар 6 педагог, 3 басшы орынбасары біліктілігін арттырды. (7 қосымша қоса тіркелді)

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығына сәйкес ағымдағы оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтетін мұғалімдер тізімі көрсетілген сұраныс жіберілді, кезең бойынша мұғалімдер курсқа уақытында жіберіледі. Курс қажеттілігі бойынша дене шынықтыру пәнінен өтетін 3 мұғалімге сұраныс жіберілді.

Мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен оқушының жеке тұлғасына бағытталған сапалы білім берудегі инновациялық ізденіс жұмыстары пәндік құзыреттілікті дамыту аясында жүзеге асырылды. Педагогтердің білімін арттыруға ерекше көңіл бөлінді. **2023-2024** оқу жылында барлығы 179 педагог болса қазіргі таңда 170 педагог білім жетілдіру курсынан өткен, 5 мұғалім еңбек өтілі 3 ж толмаған (Қанатқали Г, Саматова Р, Наурызғали Н, Уразғалиев О, Сариев Ж), 1 мұғалім 2023 ж 18 қазан күні қабылданды, курсқа сұраныс жіберілді. Дене шынықтыру пәнінен курс аз болуына байланысты 3 педагог Манасов С, Жұмагерей И, Иденова С жуық арада курстан өтеді, 2023-2024 оқу жылында өтетінін растайтын анықтама бар. (анықтама қоса тіркелді). Үш

жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан қазіргі таңда өткен педагогтердің үлесі -100%.

Басшы кадрлардың біліктілігін арттыру туралы мәлімет:

№	ТАӘ	Лауазымы	Курс атауы	Оқыған ұйымның атауы, оқыған уақыты
1	Тлекенова Бибигуль Сауровна	Мектеп директоры	«Жан басына қаржыландыруға өту жағдайындағы инновациялық менеджмент» «Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы»	«Өрлеу» БАҰО 6.05.2022 НЗМ ДББҰ ПШО 09.12.2022 ж
2	Апакаева Венера Турегелдиевна	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	«Мектеп басшыларының кадрлық резерві: әлеуеті және даму стратегиялары (ілгері деңгей)»	НЗМ ДББҰ ПШО 24.07.2023 ж
3	Закиева Гулдана Умирзаковна	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	«Білім берудегі тиімді менеджмент»	Жақын арада өтеді.
4	Зулкашева Шынар Мулкайевна	Мектеп директорының ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары	«Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы» «Мектеп басшыларының кадрлық резерві: әлеуеті және даму стратегиялары (ілгері деңгей)»	НЗМ ДББҰ ПШО 09.12.2022 ж НЗМ ДББҰ ПШО 24.07.2023 ж
5	Карағойшина Гульбану Женисовна	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	«Білім берудегі тиімді менеджмент»	НЗМ ДББҰ ПШО 22.12.2022
6	Байдашева Нұргүл Болатқызы	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	«Білім берудегі тиімді менеджмент»	«Өрлеу» БАҰО 05.02.2021
7	Темирбаева Куралай Хабиболлақызы	Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	«Білім берудегі тиімді менеджмент»	«Өрлеу» БАҰО 05.02.2021
8	Өмірзақ Гүлнұр Жанатқызы	Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	«Білім ұйымдарындағы қолайлы тәрбиелеу ортасын қамтамасыз ету»	«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕ АҚ 02.-06.10.2023

1 басшы, 7 басшы орынбасары ішінен 6 орынбасар біліктілік арттыру курстарынан өткен, 1 басшы орынбасары биылғы оқу жылы тағайындалғандықтан біліктілік арттыру курсынан қараша айында өтеді. Басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей біліктілік арттыру курстарынан өту үлесі – 87%.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің **бастауыш білім беру** деңгейіндегі педагогтерің жалпы санынан үлесі
№7 қосымша қоса берілді

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары	I	II	педагог	%
2021-2022	56	1	7	22	14	0	2	1	9	57,1%
2022-2023	52	1	7	18	12	0	2	0	12	53,8%
2023-2024	51	1	9	15	19	0	0	0	34	49%

Бастауыш сынып мұғалімдерінің 2021-2022 оқу жылында сапалық құрамы 84,3% құрады, 2022-2023 оқу жылында 87% құрады, 2023-2024 оқу жылында 87% құрады. Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің жалпы санынан үлесі 3 жылда төмендеу себебі бастауыш сыныптарға жас педагог мамандар сабақ береді: орыс тілінен 2 педагог маман, ағылшын тілінен 4 педагог-модератор, дене тәрбиесінен 1 педагог-модератор, 4 педагог жас маман, информатика пәнінен 1 педагог-модератор, 2 педагог жас маман (Уразғалиев О, Молдаш Н). Педагог мамандар санаттарын көтеруге жұмыстануда.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің **негізгі орта және жалпы орта білім беру** деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары	I	II	педагог	%
2021-2022	105	3	29	19	27	2	2	4	19	52,3%
2022-2023	108	5	28	23	25	2	0	3	22	53,7%
2023-2024	106	5	29	23	30	1	0	1	17	55 %

Мектеп-гимназия бойынша негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі жылдан жылға өсіп келетіні байқалады.

5-9 сыныптар негізгі орта білім беру деңгейінде барлығы – 95 педагог сабақ береді, оның ішінде 1-уі жоғары санатты, 3-і педагог-шебер, 26-сы «педагог-зерттеуші», 20-сы «педагог-сарапшы», 27-і «педагог-модератор», 1-уі 2-санатты, 17-сі педагог. Негізгі орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің жалпы санынан үлесі- 52,6%-ды құрайды.

Жалпы орта білім беру деңгейінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің саны – 20, оның ішінде 4 «педагог-сарапшы», 10 «педагог-зерттеуші», 1 педагог-шебер». Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің жалпы санынан үлесі 75%-ды құрайды.

Жалпы орта білім беру деңгейінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы

педагогтердің саны – 36, оның ішінде 5 «педагог-сарапшы», 3 «педагог-зерттеуші», 3 «педагог-шебер». Жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеушілердің жалпы санына үлесі 83%-ды құрайды.

Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуы.

Мектеп бойынша 3 жылғы салыстырмалы сыныптар контингенті төмендегідей:

Оқушылардың жалпы саны	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жыл (I тоқсан)
Жыл басындағы	1783	1941	2073
Жыл барысында келгендер	111	58	108
Жыл барысында кеткендер	93	60	160
Жыл аяғындағы тәрбиеленушілердің саны	1801	1939	2021

2021-2022 оқу жылының басындағы оқушы контингенті 1783 оқушыны құраса, бүгінгі таңда ауданда жаңадан салынған көп қабатты үйлердің көбеюіне байланысты өткен жылмен салыстырғанда 2021 оқушыға дейін артып отыр.

Оқу-әдістемелік жұмыс

Мектептің 2021-2022, 2022-2023 ,2023-2024 оқу жылдарының жылдық жұмыс жоспарларына сай оқу-тәрбие үрдісі ұйымдастырылды. Жылдық қорытындысы бойынша талдаулар жасалып, жіберілген кемшіліктерге ерекше назар аударылып жұмыстар жоспарларынып, жүзеге асты.

2017-2022 оқу жылдары ҚР «Білім туралы» Заңының орындалуы бойынша мектеп жасындағы балаларды орта біліммен толық қамту бөлігінде педагогикалық ұжымның жұмыс жоспары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар, базистік оқу жоспары бойынша бағдарламаның орындалуын бақылау жүргізілуде. Педагог кадрлармен жұмыс барысында, педагог кадрлар туралы жалпы мәлімет жасақталды. Мектепте критериалды бағалау жүйесін ұйымдастырудағы жауапты қызметкерлердің міндеттемелері орындалуда. Педагогикалық кадрлардың аттестаттау бойынша жұмыстар жүруде. Педагогикалық кеңес жұмысы, әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңес, пән апталықтары жоспарға сай өткізілуде.

Мектебіміздегі әдістемелік қызмет 5 бағытта жұмыс жасап келеді: 9 пән бірлестігі, «Заманауи мұғалім – заманауи қоғам» көшбасшы ұстаздар командасы, педагогтердің шеберлігін арттыратын шығармашылық топтар, «Lesson study» тобы, «Жас ұстаздар мектебі». Сонымен қатар дарынды оқушыларды дамытуға және оқушылардың академиялық білімін тереңдетуге бағытталған «Дарын» олимпиадалық резерв тобы, ғылыми білімді арттыруға бағытталған ұстаздар мен оқушылардан құрылған «Болашақ» ғылыми қоғамы және түрлі бағыттағы уақытша шығармашылық топтарда да бар. Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен тиімділігін бақылау, бағалау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, сарапшылар тобының талдау қорытындылары педагогикалық кеңесте, әдістемелік кеңесте, әдістемелік бірлестік және орынбасарлар мен директор жанындағы отырыстарда қаралып, тиісті түзетулер енгізіледі.

Уақытша және тұрақты шығармашылық топтардың жұмысы

Білім беру процесіне жаңа оқыту технологияларын енгізу арқылы мұғалімдердің тұлғалық-кәсіби дамуын қамтамасыз ету, мұғалімдердің жаңашылдық қызметін ұйымдастыру мақсатында мектепте тұрақты және уақытша педагогтер командалары жұмыс жасауда.

«Заманауи мұғалім - заманауи қоғам» жобасы

«Жас мамандар» мектебі

Lesson study тобы

Сарапшы ұстаздар тобы

Шығармашылық топтардың мақсаты мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал ету, инновациялық

орта қалыптастыру, тәжірибе алмасуды ұйымдастыру болатын, нәтижесінде мұғалімдердің сабақ беру шеберлігі артып, оқушылардың оқуын жақсарту.

Мектептегі «Заманауи мұғалім – заманауи қоғам» көшбасшы ұстаздар командасының жұмысы

2020-2021 оқу жылында мектеп әкімшілігінің ұйғаруымен көшбасшы мұғалімдер арқылы командалық топтар құру ұсынысы қолға алынды. Алдымен, ұжым ішіндегі мұғалімдер арасынан жұмыс сапасы жоғары, жетістіктерімен алда жүрген, артынан мұғалімдерді ілестіре алатын көшбасшы мұғалімдер анықталып, ұжым мүшелеріне сауалнама арқылы өз көшбасшысын таңдау ұсынылды. Бұл ретте бір ерекшелік – таңдау мұғалімдердің өздеріне берілді, кімнен үйренгісі келеді, кімнен қызығушылықтары ортақ немесе байланыста болғысы келетіні ескерілді. Осылайша 20-25 мұғалімнен тұратын 7 командалық топ құрылды, «Заманауи мұғалім – заманауи қоғам» деген жоба бастау алды.

Ынтымақтастық қолайлы орта құру арқылы мұғалімдердің кәсіби өсуіне жағдай жасау деген мақсатта, шығармашылықпен жұмыстанатын ұжым қалыптастыру, корпоративтік мәдениет ортасын құру, жас ұстаздарға әдістемелік қолдау көрсету, тәжірибе алмасу деген міндеттер қойылды. **2021-2022** оқу жылы бұл жоба жалғасын тауып, көшбасшылар 1 топпен бір тақырып аясында жұмыстанды, мұғалімдер 8 оқыту семинарына қатысып білімдерін жетілдірсе, **2022-2023** оқу жылы мектептің 182 мұғалімін 8 топқа бөліп, 8 көшбасшы өзіне жақын бір тақырыпты алды. Аптаның әр бейсенбісі оқу күні болып белгіленді, әр топ «Карусель» әдісімен алмасып отырды. Оқыту тренингтері өзекті мәселені қарастыруға, кәсіби диалог арқылы шешім шығаруға, интерактив түрінде тәжірибе бөлісу бағытында ұйымдастырылды. Көшбасшы ұстаздар жетекші ролінде оқу ортасын ұйымдастырса, мұғалімдер белсенді қатысушы болып, кәсіби өсу іс-әрекетінде.

Жоба жұмыстарына барлық топ ұстаздары белсене қатысып, жоспарға сай барлық шаралар уақытылы өтті, қорытындылары және өту барысы мектептің әлеуметтік беттерінде жарияланып отырды.

Жоба материалдары <https://padlet.com/zshnar74/padlet-2m3qg9beq1wbkvs>

3 жылға жоспарланған жоба аяқталып, қорытындыланды. «Мұғалімдердің тұлғалық-кәсіби құзыреттіліктерін дамытудағы көшбасшылық жобаның маңызы» атты жинақта (мектеп-гимназия тәжірибесінен) БҚО Білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының №3 хаттамасы, 31.08.2023. тіркелді.

Мектепте өткен тәжірибелер нәтижесі (мектептегі түрлі командалық жобалар) мұғалімдердің кәсіби шеберлігін, шығармашылығын артып, мектеп «брендін» қалыптастыруға бағыт алды. Тәжірибе нәтижесінде зерттеушілікпен айналысатын мұғалім, STEAM бағытында айналысатын мұғалім, тұлғалық өсуге бағыттайтын мұғалім, тапсырмалар құрастырушы мұғалім болып өздерінің нақты бағыттарын айқындауда. Әр мұғалім өзінің бағыты бойынша білімдерін жетілдіріп, 3 жыл өзінің авторлық бағдарламасын дәлелдеп шығаруға жұмыстанатын болады. Көшбасшылар командалықтың мектептің даму стратегиясына өзгерістер енгізіп, мектептің корпоративтік мәдениетінің тұрақты болуына жұмыстанып, сол ортамен кәсіби, тұлғалық өсу траекториясын анықтауда.

Көшбасшылар командасы мектептің пандемия кезінде ауыртпалықты сездірмеуге көмегі айтарлықтай. Күні бүгінге дейін мектептің дамуына, корпоративтік мәдениеттің орнығуына, тұрақты даму, өзін-өзі оқытатын мектеп бағытында болуына ықпалы зор. Сол себепті 2023-2024 оқу жылында көшбасшылар командасы мектеп мұғалімдердің оқыту жұмысын жаңа командалармен жалғастырмақ.

Әдістемелік жоспар <https://44-mektep.edu.kz/images/doc/plan23.pdf>

Lesson study бойынша зерттеу командалары

Мектептің дәстүріне айналған мұғалімдердің сабақ беру шеберлігін арттыру, мектеп мұғалімдерінің тәжірибелерін жетілдіру арқылы оқушылардың оқуын жақсарту мақсатында ұйымдастырылатын педагогтердің зерттеу жұмыстары жыл сайын жалғасын табууда.

2021-2022 оқу жылы «Оқытушы қоғам» қауымдастығының мүшелері деңгейлік оқу бағдарламаларды оқыған мұғалімдер және мектеп тренерлерінің ұйымдастыруымен зерттеу жұмыстары өткізілді. Айына 1 Lesson study сабағын өткізіп, талдап, жыл ішінде бірнеше

циклмен жүзеге асты. Сонымен қатар қоғамдастық мүшелері Іс әрекеттегі зерттеулермен айналысып, қала, облыс көлемінде семинар, конференцияларда тәжірибелерімен бөлісті.

2022-2023 оқу жылы 1 қазаннан бастап Lesson study топтары құрылып, мұғалімдердің сабақты зерттеулері жүзеге асты.

Жетекшісі болып география пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы Ризуанова К.Е. тағайындалды. I-жартыжылдықта 8 модератор, 8 топ, 8 сабақ беруші мұғалім, 8 өзекті мәселе 32 сабақта зерттелді. Сабақ берген мұғалімдер: А.Жангелді, А.Бақытжанова, Р.Ищанова, Э.Тулегенова, Ж.Жалмұхан, Қ.Ақдаулетова, Д.Курманғалиев, А.Асқарова. II-жартыжылдықта 4 ӘБ, 4 модератор, 4 сабақ беруші мұғалім 4 өзекті мәселені 16 сабақта зерттеді. Сабақ берген мұғалімдер: А.Кадырболатов, Э.Габбасова, Ш.Назарова, Г.Рахмушева. Сонымен қатар бастауыш буында 4 модератор, 4 топ, 4 өзекті мәселені зерттеді.

LESSON STUDY материалдары <https://ru.padlet.com/dashboard>

LESSON STUDY топтарының таныстырылымы <https://padlet.com/zshnar74/2021-2022-ncd6ill0z3h8amut>

Зерттеуді ұйымдастыру мен өткізу барысы және оның тиімділігі бойынша сауалнама да жүргізілген болатын. Нәтижесі төмендегідей болды.

Ш Не толғандырды? Не қызықтырды?	Б Не мазалайды?
<p>Оқушылардың оқуын қалай жақсартуға болады? Мұғалімдер бірге үйрене ала ма, бірін-бірі үйрете ала ма? Lesson study әдісімен сабақ сапасын арттыра аламыз ба?</p>	<p>Прогресс Артық жүктеме Уақыт жетіспеуі Зерттеу тереңдігі Мұғалімдердің тәжірибесінің жетіспеуі</p>
О Нені білу қажет?	С Ұсыныстар
<p>LS туралы білім Анықталған проблеманы зерделеу Шешу жолдары бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу</p>	<p>Сабақтар арасында интервал қажет Прогресті бағалау Жабдықталған кабинетті алдын ала бекітіп қою, қолайлы жағдай Сабақ кестесі</p>

Педагогикалық кеңесте келесі зерттеулерді жетілдіру үшін ұсыныстар берілді:

- Ұжым педагогтерінің LS туралы білімін жетілдіру, зерттеу дағдыларын дамыту;
- Өзара сабаққа қатысу, үйренген оқыту бағытын, озық тәсілдерді қолдану, зерттеуді жалғастыру;
- Іс әрекеттегі зерттеу жұмысымен айналысу;
- Сабақ сапасын жетілдіруде «Озат тәжірибе» мектебі жұмысын жолға қою, мұғалімдердің өзара сабаққа кіру, тәжірибе алмасу мәдениетін қалыптастыру.

2023-2024 оқу жылына Lesson study қазан-наурыз оқу жылдарына жоспарланып, қазан айында 2 циклі өтті және педагог-шебер, педагог-зерттеуші ұстаздар Іс әрекеттегі зерттеу тақырыптарын анықтап, зерттеулері басталды.

Қазан айы жоспары <https://44-mektep.edu.kz/images/doc/lesson.pdf>

<https://44-mektep.edu.kz/kz/methodical-work/otkrytye-meropriyatiya-po-predmetam/2-uncategorised/1527-d-onaev-atynda-y-44-mektep-gimnaziyasynda-lesson-study-saba-tary-bastaldy>

Сарапшы ұстаздар тобы

Мектеп-гимназиясының жұмысын тиімді басқару мен ұйымдастыруда 2022-2023 оқу жылы тәуелсіз сарапшылар тобы құрылды. Сарапшылар құрамы: Ризуанова К.И, Ситимова А, Ахметова С.Б, Ахметова З.Е

Олардың міндетіне кез-келген шараны бағалау, сараптамалық қызмет атқару, аналитикалық талдау жасау, мектеп әкімшілігінің жұмысына баға беру кірді. Жыл барысында сарапшылар

тобы мектепте өткізіліп жатқан маңызды шараларды бақылады, әділ қазы болды, сауалнамалар жүргізді, оқушыларға да, мұғалімдерге де сарапшылар ретінде баға беріп отырды. Нәтижесінде көптеген әдістемелік шаралар мен мектепшілік шаралардың тиімді өтуіне, нәтижеге бағытталуына септігін тигізді. Алдағы оқу жылында да қызметтері жалғасады.

Уақытша шығармашылық топтар

«Пәнаралық білім - командалық орта - зерттеушілік қызмет» жобасы

2022-2023 оқу жылы пәнаралық білімдерді кіріктіру арқылы командалық ортада оқушылардың зерттеушілік дағдысын дамыту мақсатында 8 Д сыныбында ұйымдастырылған «Пәнаралық білім - командалық орта - зерттеушілік қызмет» жобасы.

Бұл зерттеу жұмыстарымен 8 «Д» сыныбы айналысқан болатын. Оқушылар өзара командаларға бөлініп, жетекшілерімен ақылдаса отырып, тақырыптарын таңдап алған болатын. Сынып оқушылары өте керемет қызығушылықпен, жауапкершілікпен, белсенділікпен қатынаса отырып, ізденімпаздылықтарымен көзге түсті деп айтуға болады. Оқушылар зерттеу жұмыстары барысында таңдап алған тақырыптарын аз уақыт ішінде ашуға тырысты, өз жұмыстарының барысымен басқа 8-ші сыныптарға таныстырды. Сарапшылар тобы құрылып, бұл зерттеу жұмыстарын сырттай бақылады сонымен қатар өз ойларын білдірді. Жобаны басқару SCRAM тақтасы арқылы қадағаланды, соңында жобалар шеруі ұйымдастырылып, басқа 8-сынып оқушыларына таныстырылым жасалды, бұл мектеп сарапшыларының оң бағасын алды және оқушылардың оқуға қызығушылығын арттырып, аз ғана уақыт ішінде зерттеумен белсенді айналысуға мүмкіндік берді.

Жоба материалдары <https://padlet.com/dariauahitovna/padlet-shpw7yt6mdptjus7>
<https://padlet.com/dariauahitovna/padlet-shpw7yt6mdptjus7>

Білім сапасын арттырудағы «100 мақсат, 100 үрдіс, 100 әрекет» жобасы

Барлық мектепте әр тоқсан аяқталған соң білім сапасы салыстырылады. Білім сапасының тексеру, салыстыру білім беру стандартының орындалуының негізгі көрсеткіші болмақ. Олай болса салыстырмалы түрде төмен білім сапасын көрсеткен сыныптардың сапасын көтеру керектігі басты назарға алынуы керек. Осы мақсатта мектебімізде әр сыныптар бойынша II-ші оқу тоқсанында «Білім сапа нәтижесі –білім алушының оқу мақсатына жеткен дәлелі» тақырыбын ала отырып , «100 мақсат, 100 әрекет, 100 үрдіс » деп аталатын мектепшілік жобалар жүргізілді. Бұл жобалар білім сапасын төмен көрсеткен пәндердің пән мұғалімдерін біріктірді, негізгі мақсат 3-ші тоқсанда төмен сапа көрсеткен сыныптармен жоба арқылы жұмыстана отырып, сапаны көтеру, ол үшін оқушының қызығушылығын ояту, сынып ішінде оқушылар арасында жағымды бәсекелестік орнату көзделді. Жобалар әр буында түрліше аталып, сол аталған жобаға сәйкес жұмыстар жүргізілді.

5 сыныптарда «100 ойын»

6 сыныптарда «100 өлең»

7 сыныптарда «100 алғыс»

8 сыныптарда «100 зерттеу»

9 сыныптарда «өзін-өзі реттеудің 100 мүмкіндігі»

10 сыныптарда «100 сұрақ 100 есеп»

Жоба нәтижесі 2 кезеңмен бағаланды .

1 кезең «Жоба қорғау» Жобаның жүру барысын , тиімді және тиімсіз жақтарына талдау жүргізілді.

2 кезең «Білім сапасы» III –ші оқу тоқсаны бойынша әр буыннан жобаның білім сапасына қаншалықты әсер еткендігі анықталды. Білім сапасын талдай кететін болсақ , II –і тоқсанмен салыстырғанда 5,99 % өскенін байқауға болады.

Жоба барысында ауқымды материалды аз уақыт ішінде игерту, ойындар арқылы қайталау, сабақ мазмұнына байланысты ойындар, өзін-өзі реттеудің әдістерін қолдану (күнделік жүргізі, рефлексия) , бір-біріне алғыс айту арқылы өзара қарым-қатынасты жақсарту білім сапасының пән бойынша көтерілуіне мүмкіндіктер берді.

Жоба материалдары <https://ru.padlet.com/zshnar74/padlet-3myeacivmguaar5q>

Жас мамандар мектебі

Жас маманның табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау, біліктілік қызметінде сәтті пайдалану үшін жас маманның кәсіптік білімі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында құрылған «Жас мамандар мектебінің» жұмысы өз деңгейінде ұйымдастырылып келеді.

Мектеп-гимназияға қабылданған жас мамандарға алғашқы күннен бастап мектебіміздің тәжірибелі ұстаздары тәлімгер етіп бекітіліп, тәлімгерлермен жас мамандармен жұмыс жоспарлары жүреді, әрі қарай 3 жыл бойы мамандыққа енуіне, әдістемелік қолдау алуына жағдай жасау мақсатында жас мамандар мектебінде жүзеге асады.

Жас мамандар мектебіне еңбек өтілі 0-3 жыл арасындағы мұғалімдер қабылданады, жетекшісі тағайындалады.

2021-2022 оқу жылында ЖОО бітіріп келген 5 маман конкурс негізінде қабылданды.

Махамбетова Нәзік Құрманғазықызы – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, тәлімгері Куанғалиева Гулзира Мендигалиевна.

Бақытжанова Алтынай Қосыбайқызы – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, тәлімгері педагог-зерттеуші Шахина Ляззат Губайдуллиновна.

Ахмедуллина Әсем Бақытжанқызы – биология пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Кенжалиева Лолита Талаповна.

Жақсыбаева Динара Қадырбекқызы – биология пәні мұғалімі,

Қарекенова Перизат Мурзатайқызы – педагог-дефектолог, тәлімгері педагог-шебер Зулкашева Шынар Мулқайевна.

2022-2023 оқу жылында ЖОО бітіріп 4 жас маман келген конкурс негізінде қабылданды.

Басерова Айдана Талғатқызына - информатика пәні мұғалімі, тәлімгері педагог-зерттеуші Куанаева Сандуғаш Шарапқызы.

Зинетуллина Альбина Айдарбекқызы - информатика пәні мұғалімі, тәлімгері педагог-зерттеуші Батыргалиева Батима Хабешовна.

Зейнуллин Ақтілек Аққалиұлы – өзін-өзі тану пәні мұғалімі, мектепте кураторлық қызметін 5а/б сыныптар бойынша уақытша лауазымдық орынға алынды, тәлімгері педагог-зерттеуші Кенжалиева Лолита Талаповна.

Нуртаева Жанат Нуртаевна - тарих пәні мұғалімі және 8 сыныптарына кураторлық қызметін атқарды, тәлімгері педагог-зерттеуші Саматаева Гаухар Абдыхаймовна.

2023-2024 оқу жылы 2 ЖОО бітіріп келген маман конкурс негізінде қабылданды.

Қанатқали Гүлім Азаматқызы - математика пәні мұғалімі, тәлімгері педагог-зерттеуші Ахметова Самал Бақытжановна.

Саматова Райгул Саматовна - математика пәні мұғалімі, тәлімгері педагог-зерттеуші Султанова Жанылсын Максұтовна.

Дарынды оқушылармен жұмыстың 3 бағыты

1. Пәндік білімді шыңдайтын, тереңдететін пәндік олимпиадалар;
2. Түрлі шығармашылық сайыстар мен байқауларға қатыстыру арқылы дарынды оқушыларды анықтау және шығармашылығын дамыту;
3. Оқушыларды ғылымға баулудағы ғылыми жобалар сайысы.

Мұғалімдердің дарынды оқушылармен жүйелі жұмысы нәтижесінде мектеп оқушылары жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының қалалық, облыстық, республикалық деңгейде жақсы нәтиже көрсетіп, жүлделі орындар алуда.

Дарынды оқушылармен жұмыс нәтижелері

<https://44-mektep.edu.kz/kz/doska-pocheta/prizery-respublikanskoj-predmetnoj-olimpiady>

<https://44-mektep.edu.kz/kz/doska-pocheta/prizery-respublikanskoj-predmetnoj-olimpiady/1442-d-onaev-atynda-y-44-mg-bojynsha-respublikaly-khaly-araly-olimpiada-zhe-impazdary-2>

<https://44-mektep.edu.kz/kz/doska-pocheta/prizery-respublikanskoj-predmetnoj-olimpiady/1481-respublikaly-p-ndik-olimpiada-zh-ldegerleri>

<https://44-mektep.edu.kz/kz/doska-pocheta/prizery-respublikanskoj-predmetnoj-olimpiady/601-respublikaly-p-ndik-olimpiada-zh-ldegerleri>

«Болашақ» оқушылар ғылыми қоғамының жұмысы

Оқушылардың ғылыми көзқарастарын қалыптастыру, өздерін тануға, дүниетанымдарын кеңейтуге, өзін қызықтыратын ғылым жүйесінде өздігінен білімдерін көтеруге дағдыландыру, отандық және шетелдік ғалымдардың жетістіктерін насихаттау арқылы оқушылардың қызығушылықтарын дамыту мақсатында құрылған “Болашақ” оқушылар ғылыми қоғамы жұмыс жасайды. 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сай оқу жылының екінші жартыжылдығында, зерттеу қабілеттерінің деңгейлерін жетілдіру, оқушылардың дарындылығын анықтау, оқушылардың ғылым саласы бойынша зерттеу шығармашылық, тәжірибе, іс-әрекет білімі мен іскерлігін қалыптастыруға мүмкіндік жасау, олардың танымдық қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін, ақыл-ойын дамытуға ұмтылдыру, оқушылардың еңбекке шығармашылық тұрғыдан қарауына, өмірлік және азаматтық көзқарастарын қалыптастыруына, жоғары адамгершілік қасиеттері мен рухани мәдениетін дамытуына белсенді түрде түрткі болу мақсатында бірқатар шаралар ұйымдастырылады.

Мектеп-гимназия жоспарына сәйкес 2-7 сынып оқушыларына арналған «Зерде» зерттеу жұмыстары сайысы, ғылыми жобалар сайысы өткізіледі.

2021-2022 оқу жылы <https://44-mektep.edu.kz/ru/methodical-work/nauchnoe-obshchestvo-uchashchikhsya/2021-2022-uchebnyj-god>

2022-2023 оқу жылы <https://44-mektep.edu.kz/ru/methodical-work/nauchnoe-obshchestvo-uchashchikhsya/2022-2023-uchebnyj-god>

<https://docs.google.com/document/d/1wH9YAwrNMSvEa1v48n1IEffAcXpTIw8Y/edit>

2023-2024 оқу жылы <https://44-mektep.edu.kz/ru/methodical-work/nauchnoe-obshchestvo-uchashchikhsya/2023-2024-uchebnyj-god>

Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын зерделей келе, 2-7 сыныптарға арналған «ЗЕРДЕ» ғылыми жобалар сайысына оқушылардың қатысын көбейту, ғылыми жетекшілерге оқыту семинарлар ұйымдастыру, ЖОО серіктестік орнату, оқушылардың зерттеу жұмысымен айналысуын гимназия сағаттары мен элективті курстар арқылы ұйымдастыру, жетекшілер мен оқушылардың есебін тыңдау деген міндеттер алынды.

Педагог өз қызметіне қатысты инновацияларды, технологияларды, өзгерістерді жақсы меңгеру нәтижесінде түрлі сайыстар мен байқаулардың жүлдерлері атанып келеді. 2022-2023 оқу жылы ішінде мектеп-гимназия мұғалімдерінің төмендегідей жетістіктерін атап айтуға болады.

<https://44-mektep.edu.kz/ru/doska-pocheta/dostizheniya-uchitelya/2022-2023-uchebnyj-god>

<https://44-mektep.edu.kz/ru/doska-pocheta/dostizheniya-uchitelya/2023-2024-uchebnyj-god>

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2021-2022 оқу жылы:

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы Орал қалалық білім беру бөлімі «Дінмұхамед Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2021-2022 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамыр №182 бұйрығы), «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты, 2021 жылғы 27 тамыздағы мектептің №1 педагогикалық кеңесінің шешімдері басшылыққа алынды және оқу-тәрбие процесі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды.

1.«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы

2. Республиканың орта білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларымен (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен енгізілген).

3.«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы

4.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Педагогикалық кеңестің шешімімен(27.08.2021 ж хаттама №1)

1-4 сыныптарға Республиканың орта білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларымен (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен енгізілген

14-қосымша) бұйрығымен келісіліп ,талданып басшылыққа алынды .

5-9 -сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 19-қосымшалар), ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен), ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №375 бұйрығы және «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығы басшылыққа алынды.

10-11 сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығымен өзгерістер енгізілген), ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) (2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 3 сәуірдегі № 352 бұйрықпен, 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген және 2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 бұйрықпен «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша өзгерістер енгізілген), сонымен бірге «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығы басшылыққа алынды.

2022-2023 оқу жылында

Дінмұхамед Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2022-2023 оқу жылында арналған оқу жұмыс жоспары:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы Ғылыми кеңесі ұсынған «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттамасы) басшылыққа алына отырып құрылды.

1-4-сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы 14-қосымшасы негізінде төмендетілген оқу жоспары;

5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 19-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары;

10 А,Б,В,Г сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 27-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары;

10 Д сыныпта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 29-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары;

11 А,Б,В сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 27-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары;

11 Г сыныпта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 29-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары негізге ала отырып жасалды.

Вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілді. 5-8 – сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), оқу жылында 18 сағат (0, 5 сағат жүктемесі бар курс екі аптада 1 рет өткізіледі.) 9 – сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат ,10-11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат.

Дене шынықтыру пәні бойынша вариативті бөлімге 1-4, 5-11 сыныптарға аптасына 1 сағаттан жасақталып, хаттама № 3,26 тамыз 2022 жылы облыс көлемінде таратылуға ұсынылған оқу бағдарламасы алынды.

2023-2024 оқу жылында

Дінмұхамед Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2023-2024 оқу жылында арналған оқу жұмыс жоспары:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы; 23.09.2022ж №406 бұйрығымен өзгертілген .

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы Ғылыми кеңесі ұсынған «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алына отырып құрылды.

1-4-сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы 14-қосымшасы (2-4сыныптар), 11-қосымшасы (1сыныптар) негізінде төмендетілген оқу жоспары;

5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30

қыркүйектегі № 500 бұйрығының 19-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары;

10 А,Б,В Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы

№ 264 бұйрығының 17-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары;

10 Г сыныпта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы

№ 264 бұйрығының 19-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары;

11 А,Б,В сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 17-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары;

11 Г сыныпта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы

№ 264 бұйрығының 19-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары негізге ала отырып жасалды.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру; 2021-2022 оқу жылы

1-4сыныптарға ҚР МЖМБС -2018 сәйкес жаңартылған білім мазмұны оқу жоспарларында алты білім беру саласы бойынша оқу пәндерін оқыту енгізілген. Тіл және әдебиет»білім беру саласы «Сауат ашу»,«Қазақ тілі (Т2)», «Әдебиеттік оқу» «Орыс тілі (Т2) », «Ағылшын тілі» пәндерін ,«Математика және информатика» саласы «Математика», «Цифрлық сауаттылық » пәнін,«Жаратылыстану» білім беру саласы «Жаратылыстану»пәнін , «Адам және қоғам» білім беру саласы «Дүниетану», «Өзін- өзі тану»пәндерін, «Технология және өнер» білім беру саласы бойынша «Көркем еңбек »және «Музыка » пәндері «Дене шынықтыру» білім беру саласы «Дене шынықтыру » пәндерін қамтиды .Жаңартылған білім мазмұны гимназия сыныптарына төмендетілген оқу жүктемесі) бойынша басшылыққа алынды.

«**Тіл және әдебиет**» білім беру саласы:«Тіл және әдебиет» білім саласының мазмұны «Әліппе/Ана тілі»,«Қазақ тілі (Т1)», «Әдебиеттік оқу», «Литературное чтение», оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптардағы «Русский язык (Я2)», «Шетел тілі» оқу пәндері арқылы жүзеге асырылды. Оқытылуы қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда орыс тілінен, шетел тілі (ағылшын) пәндерінен топқа бөлініп оқытылды.Оқытылуы қазақ тілінде жүргізілетін 2,3,4 сыныптарда қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәнінен тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта (2,3,4 сыныптарда) 8 БЖБ,4 ТЖБ өткізілді.

«**Шетел тілі**» Мектепте «шетел тілі» ретінде «ағылшын тілі» пәні таңдалып оқытылып келеді.Бастауыш мектепте «Ағылшын тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану. Бастауыш білім беру деңгейінде тілдік пәндерден сабақ беретін мұғалімдер (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеуде ортақ тақырыптарды ескерген.БЖБ үшін жоғарғы балл 2-4-сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық болмауы ескеріле отырып, тоқсан сайын әр сыныпта 2 БЖБ, 1 ТЖБ өткізілді. Оқу жылына әр сыныпта (2,3,4 сыныптарда) 8 БЖБ, 4 ТЖБ өткізілді.

«**Русский язык (Я2)**» Бастауыш мектепте «Орыс тілі (Я2)» пәнін оқытудың мақсаты– тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу әдебінің ережелерімен және тілдік нормаларын қарым-қатынас жағдайына қолдану, сөйлеу. 4-сыныпты бітіргеннен кейін білім алушылар жалпы Еуропалық деңгей жүйесіне сәйкес А2 деңгейінде (бастауыш деңгей) тілдерді меңгеру шеңбері (CEFR) жетеді. Оқу пәні бойынша тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта (2,3,4 сыныптарда) 8 БЖБ,4 ТЖБ өткізілді.

«**Қазақ тілі** »Бастауыш мектепте «Қазақ тілі (Т1)» пәнін оқытудың мақсаты– тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу әдебінің ережелерімен және тілдік нормаларын қарым-қатынас жағдайына қолдану, сөйлеу. 4-сыныпты бітіргеннен кейін білім

алушылар жалпы Еуропалық деңгей жүйесіне сәйкес А2 деңгейінде (бастауыш деңгей) тілдерді меңгеру шеңбері (CEFR) жетеді. Оқу пәні бойынша тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта (2,3,4 сыныптарда) 8 БЖБ,4 ТЖБ өткізілді.

«**Математика және информатика**» білім беру саласы: «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндерінде іске асырылды. Математика оқу пәні бойынша әр сыныпта әр тоқсанда әртүрлі БЖБ жұмыстары және тоқсан сайын ТЖБ жұмыстары жүргізілген.2,3 сыныптарда әр тоқсан сайын 3 БЖБ, 1ТЖБ өткізілсе, 4 сыныпта 1 тоқсанда 3 БЖБ,1 ТЖБ, 2,3 тоқсанда 2 БЖБ мен 1 ТЖБ жұмысы, ал 4 тоқсанда 3 БЖБ мен 1 ТЖБ жұмысы өткізілген.

«**Цифрлық сауаттылық**» оқу пәні 1 сыныптарда 2022 жылдың қаңтар айынан бастап оқытылды, ал 3 сыныптарда 2021-2022 оқу жылының қыркүйегінен бастап оқытылды.Бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылық», «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәндерінен бөлімдер мен тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмеді. Жартыжылдық соңында білім алушыларға «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша «есептелді» («есептелмеді») қойылды.

«**Жаратылыстану**» білім саласы:«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәнінде іске асырылады. Үлгілік оқу жоспарының (жаңартылған мазмұн және оқу жүктемесі төмендетілген) 1-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәнін оқытуға бөлінген апталық оқу жүктемесінің көлемі 1 сағатты құрады.

Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспары бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 14-4- тармағына сәйкес төмендетілген жүктемемен Үлгілік оқу жоспары бойынша 2-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәні аптасына 1 сағат оқытылатындықтан ТЖБ жүргізілмеді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылды. 2-4 сыныптарда әр тоқсан сайын 1 БЖБ өткізілді.

«**Адам және қоғам**» білім беру саласы: «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» және «Өзін-өзі тану» пәндері арқылы беріледі. «Адам және қоғам» білім беру саласы пәндерінің мазмұны «Адам - Қоғам» жүйесі шеңберінде кіріспе білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Пәндердің мазмұны қоғамдық қатынастардың өткені мен бүгінін, олардың өзара байланысын, адамдардың отбасындағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынастарын танып – білуге; өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, отбасындағы, жергілікті, өңірлік, ұлттық және қауымдастықтағы өз орнын ұғуға; өз халқының және басқа да халықтардың мәдениетіне деген құрмет сезімін дамытуға өз қылығы үшін жеке басы жауапкершілігін ұғынуына, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және бірге бөлісуге, адам мен қоршаған ортаға деген ізгілік қатынасын тәрбиелеуге бағытталды. 2-4 сыныптарда әр тоқсан сайын 1 БЖБ өткізілсе, жылына әр сыныпта 4 БЖБ өткізілген. .

«**Өзін – өзі тану**» оқу пәні:Бастауыш мектеп білім алушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып пәннің негізгі базалық мазмұны төмендегі тарауларға сәйкес келді: «Ғасырлар даналығы», «Ынтымақты отбасы», «Адам болам десеңіз...», «Әсемдік әлемінде!» 4-сыныпта 25-26-сабақтардың тақырыбы «Табиғаттың жандандыратын күші», 27-28-сабақтардың тақырыбы «Жанды су». Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: аптасына 1 сағат, бір жылға 1-сыныпта 33 сағат, 2-4- сыныптарда – 34 сағатты құрады.

«**Технология және өнер**» білім саласы:«Технология және өнер» білім саласының мазмұнына «Көркем еңбек» және «Музыка» пәндері енгізіледі. «**Музыка**» пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың музыка бойынша негізгі білімі мен біліктерін, музыкалық іс-әрекеттерде шығармашылықпен өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. «Музыка» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. «Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 2-4 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жок») деген белгі қойылды.

«**Көркем еңбек**» – «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән. «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты; 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. Түрлі материалдармен жұмыс істеу білім алушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, қиялы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіреді. Мұғалім және білім алушылар

әртүрлі жұмыс түрлерін орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтады. «Көркем еңбек» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылды.

«Дене шынықтыру» білім саласы: «Дене шынықтыру» білім саласының мазмұнына «Дене шынықтыру» пәні енгізілген. Дене шынықтыруды оқытудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық- спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады. Пән бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға (спорттық және қозғалмалы ойындар санын кеңейту есебінен) және сауықтыру процесіне бағытталды. «Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан соңында және оқу жылының соңында «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылды.

«2021-2022 жылдың 3 тоқсандағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру туралы» мектеп – гимназияның 2022 жылдың 15 қаңтарындағы бұйрығы негізінде 3 оқу тоқсаны 2022 жылдың 17 қаңтарынан басталған болатын. Оқу бағдарламасын толық орындау мақсатында мереке күндеріне түскен сабақтардың тақырыптарын оқу мақсаттарына сай біріктіріп және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру комитетінің 2022 жылғы 15 наурыздағы №18-2/120-И қызметтік хатына орай, 2021-2022 оқу жылындағы 3 тоқсандағы (10-15қаңтар) өткізілмеген апталық оқу бағдарламалардың тақырыптары 4 тоқсанға біріктіріп өткізілді. Күнделік электрондық жүйесінде 2021-2022 оқу жылында оқу бағдарламасы толық 100% орындалып отыр.

Негізгі орта білім беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сай негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3- қосымшасының 1 тарауында негізгі орта білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті негізгі орта білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі деп көрсетілген. Негізгі орта білім берудің оқу жоспары оқыту тілдеріне қарай Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 19 қосымшасы негізінде төмендетілген оқу жүктемесімен жүзеге асырылды.

Негізгі орта білімнің мақсаты – тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге негіз жасау, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру екендігі атап көрсетілген. Мектеп-гимназиядағы сыныптарда білім алушылар саны – 24 және одан артық болғанда келесі пәндер бойынша сыныптар екі топқа бөліп оқытылды: 1) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – орыс тілі мен әдебиеті; 2) шетел тілі; 3) көркем еңбек; 4) информатика; 5) дене шынықтыру сабақтары.

«**Тіл және әдебиет**» білім беру саласы: «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» және «Шетел тілі» пәндері арқылы жүзеге асырылды.

«**Қазақ тілі**» пәнінің оқу бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды. «Қазақ тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау жүргізу кезінде тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта барлығы 8 БЖБ мен 4 ТЖБ өткізілді. ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу жүктемесі 8-9-сыныптарына арналған төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасына сай жүргізіледі. «**Қазақ әдебиеті**» пәнінің оқу бағдарламасы үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: 1) түсіну және жауап беру; 2) анализ және интерпретация; 3) бағалау және салыстыру. Негізгі орта білім беру деңгейінің 6 және 7- сыныптарында «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктірілген. Өлкетану материалдары 6, 7-сыныптарда 2 сағаттан 4 сағат көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспардың 3 және 4-тоқсандарына енгізілді. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жиынтық бағалау жүргізу кезінде тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта барлығы 8 БЖБ мен 4 ТЖБ өткізілді.

«**Орыс тілі мен әдебиеті**» пәндерін оқыту оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеудегі коммуникативті дағдыларын дамытуды көздейді. Тілдік пәндер үшін бөлім бойынша жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің екі түрін біріктіреді (мысалы, тыңдау және сөйлеу, оқу мен жазу). Барлық 5-9 сыныптарда тоқсан сайын 2 БЖБ, 1 ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта барлығы 8 БЖБ мен 4 ТЖБ өткізілді.

«**Шетел тілі**» оқу пәні бойынша оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының төмендетілген оқу жүктемесімен (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүргізілді. Мектеп- гимназия бойынша

шетел тілі ретінде- ағылшын тілі пәні оқытылып келеді. Негізгі орта білім беру деңгейінде ағылшын тілін оқытудың мақсаты – талдау, бағалау және шығармашылық ойлауды дамытуға ықпал ететін түрлі тапсырмалар арқылы білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» оқу пәнінің бағдарламасында көрсетілген тілдік деңгейлер шетел тілін меңгеру құзіреттілігінің жалпыеуропалық жүйесіне (Common European Framework of Reference, CEFR) сәйкес әзірленген. Негізгі орта білім беру деңгейін аяқтағанда білім алушылар «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша тілді В1 деңгейінде меңгереді.«Ағылшын тілі» пәнінен әр тоқсан сайын максималды балл кемінде 7 және 20 балдан артық емес талаппен БЖБ және талапқа сай 1 рет ТЖБ өткізілді. 5-9 сыныптарда ТЖБ тілдік құзіреттіліктің барлық түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылымды тексеруді қамтиды. ТЖБ ұзақтығы - 45 минут. «Айтылым» дағдысы бөлек тексеріледі. ТЖБ үшін балл саны: 5-сыныпта – 20; 6-сыныпта – 22; 7-сыныпта – 24; 8-сыныпта – 24; 9-сыныпта – 24 балл.

«**Математика және информатика**» білім беру саласының мазмұны 5-6. Сыныптарда «Математика», 7-9-сыныптарда «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» және 5-9-сыныптарда «Информатика» оқу пәндерінің аясында іске асырылды. Оқу бағдарламаларына сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндерін оқытудың мақсаты – пән мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, ғылыми-жаратылыстану пәндерін игеруге қажетті математикалық білім мен дағдылардың негіздерін игеру, оқу пәні материалдары негізінде білім алушылардың интеллектуалдық деңгейін дамыту болып табылады. 5-6-сыныптарда оқытылатын «**Математика**» пәнінің білім мазмұнында пәнді әрі қарай жалғастыруға қажетті материалдар игерілетін болғандықтан оқыту жүктемесін төмендету бұл сыныптарда қарастырылмаған, яғни оқу жоспарларында аптасына бөлінген 5 сағат оқу жүктемесі сақталған. «Математика» пәні бойынша БЖБ саны- 5-сыныпта 1,3,4-оқу тоқсандарында 3 рет, ал 2-оқу тоқсанында 1 рет өткізіліп, әр тоқсан сайын 1 ТЖБ өткізілген.

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларының» 14-5-тармағына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалау тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді және бөлімді екі кезеңде өткізуге болады. Төмендетілген оқу жүктемесімен оқу жоспарына сәйкес 7-9-сыныптарда «**Геометрия**» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрады. Сондықтан, ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес осы оқу жоспарымен оқытылатын «Геометрия» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмеді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылды. 5-9 сыныптардағы «**Информатика**» пәнін оқыту білім алушыларды қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды практикада тиімді пайдалану үшін компьютерлік жүйелер, ақпараттық процестер, компьютерлік ойлау саласындағы базалық біліммен және дағдылармен қамтамасыз етуге бағытталған. ҚР БҒМ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (2019 жылғы 26 қарашада № 509 өзгерістер мен толықтырулар) 14-4-тармағына сәйкес оқу жүктемесі аптасына 1 сағат болған жағдайда БЖБ бөлімдерді біріктіре отырып, бір тоқсанда екі реттен артық өткізілмейді, қорытынды баға жарты жылда қойылады. Осы тармаққа сәйкес 5-9 сыныптағы «Информатика» оқу пәнінен тек бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізілген және олардың қорытындысы бойынша жарты жылдық баға шығарылған.

«**Жаратылыстану**» білім саласы бойынша оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген оқу жоспарлары негізінде (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) төмендетілген оқу жүктемесімен жүзеге асырылды. Жаратылыстану-ғылыми білім берудің мақсаты – табиғат құбылыстарын зерттеуде жүйелілік, сабақтастық принциптерін түсіну, ғылыми парадигманың өзгеруі жағдайында ғылыми дүниетаным мен әлемнің заманауи көрінісін қалыптастыру. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары білім алушыларда міндеттерді анықтау, бақылау, болжау, жіктеу, талдау сияқты табиғатты танып, білу дағдыларын қалыптастырады. Негізгі орта білім беру деңгейінде аталған білім саласы «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» оқу пәндері аясында төмендетілген оқу жүктемесі көлемінде жүзеге асырылды.

ҚР БҒМ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (2019 жылғы 26 қарашада № 509 өзгерістер мен толықтырулар) 14-4-тармағына сәйкес оқу жүктемесі аптасына 1 сағат болған жағдайда БЖБ бөлімдерді біріктіре отырып, бір тоқсанда екі реттен артық өткізілмейді, қорытынды баға жарты жылдыққа қойылады. Осы тармаққа сәйкес 5-9 сыныптардағы «Жаратылыстану» білім

саласының барлық оқу пәндерінен тек бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізілген және олардың қорытындысы бойынша жарты жылдық баға шығарылған. Сонымен қатар 7-9-сыныптарда физика, химия, биология оқу пәндерінен оқу бағдарламасы бойынша қарастырылған зертханалық, практикалық жұмыстар мен модельдеу жұмыстары орындалған, күнтізбелік-тақырыптық жоспарда көрсетілген.

«Адам және қоғам» білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» және «Өзін-өзі тану» оқу пәндерінде іске асырылады. «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны білім алушыларда «Адам – Қоғам» жүйесі шеңберінде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар бойынша білім негіздерін қалыптастыруға бағытталады.

5-6 сыныптардағы **«Қазақстан тарихы» пәні** аптасына 2 сағаттық жүктемемен оқытылды және әр тоқсан сайын БЖБ, ТЖБ жұмыстары жүргізілді. Оқу жылы бойына барлығы – 4 БЖБ мен 4 ТЖБ өткізіліп, жылдық баға шығарылды. Төмендетілген оқу жүктемесімен оқу жоспарына сәйкес 7-9-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрады. Сондықтан, тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмеді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылды.

«Дүниежүзі тарихы» пәні аптасына 1 сағаттан ғана оқытылатындықтан оқу пәнінен әр тоқсан сайын БЖБ өткізу ғана қарастырылған. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша 5-9- сыныптарда бөлім үшін жиынтық бағалау жүргізілді және олардың қорытындысы бойынша жартыжылдық баға қойылды, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмеді.

«Құқық негіздері» пәнін оқыту оқушылардың қоғамда әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті негізгі құқықтық білімдері мен дағдыларын меңгеруді қамтамасыз етуге бағытталған. «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі: 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды. Бөлім үшін ғана жиынтық бағалау жүргізілді және олардың қорытындысы бойынша жарты жылдық баға қойылды.

5-9-сыныптардағы **«Өзін-өзі тану» пәнінің** базалық мазмұны төрт тарауды қамтиды:

«Таным қуанышы»; «Адам болам десеңіз ...»; «Адам және әлем»; «Адамзаттың рухани тәжірибесі». Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 5-9-сыныптарда аптасына – 1 сағат, жылына – 34 сағатты құрады, әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша «сынақ» белгісі қойылды.

«Технология және өнер» білім саласы бойынша келесі пәндер оқытылған: 5-6- сыныптарда «Музыка» пәні, 5-9-сыныптар аралығында- «Көркем еңбек» пәні. **«Музыка» оқу пәні** бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 5-6 сыныптарда – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құраған. «Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» деген белгі жазылған. **«Көркем еңбек» оқу пәнінің** 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мазмұны оқыту мақсаттары жүйесінің шығармашылық әрекет үдерісі барысында тәжірибелік және негізгі білім қалыптастыруға бағытталған үш бөлім бойынша ұйымдастырылған. «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 5-6 сыныптарда – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты; 7-9 сыныптарда – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құраған. «Көркем еңбек» пәні бойынша да жиынтық бағалау өткізілмейді, жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» белгісі қойылған. **5-9-сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәнінен** оқу бағдарламасының басты мақсаты – ағзаның бүкіл жүйелерін дамыту, оқушылардың дене дамуы қасиеттерін және олармен байланысты қабілеттерін жетілдіру. Мектептегі білім беру контексінде дене шынықтыру білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттайды. «Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі 5-9 сыныптарда – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты құрайды. Бағдарламаның үшінші сағаты оқушылардың белсенділігін арттыруды мақсат еткен қозғалмалы спорттық ойындарға бағытталған. «Дене шынықтыру» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан, жартыжылдық және оқу жылының соңында «есептелінді» белгісі қойылды. Оқу бағдарламасын толық орындау мақсатында мереке күндеріне түскен сабақтардың тақырыптарын оқу мақсаттарына сай біріктіріп және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру комитетінің 2022 жылғы 15 наурыздағы №18-2/120-И қызметтік хатына орай, 2021-2022 оқу жылындағы 3 тоқсандағы (10-15қаңтар) өткізілмеген апталық оқу бағдарламалардың тақырыптары 4 тоқсанға біріктіріп өткізілді. Күнделік электрондық жүйесінде 2021-2022 оқу жылында оқу бағдарламасы толық 100% орындалып отыр.

Жалпы орта білім беру. Жалпы орта білім берудің мақсаты-кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады.

10-11-сыныпта оқу процесі «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы» және «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген Ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылды. Гуманитарлық бағыттағы сыныптар бойынша Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 29-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 29-қосымшасымен және жаратылыстану –математикалық бағытты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 27-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 27-қосымша негізінде оқу жоспарлары әзірленді. 2021-2022 оқу жылында мектеп-гимназия бойынша оқыту процесі 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда оқыту жүргізілді. Жалпы орта білім берудің негізгі міндеттерінің бірі- міндетті оқу пәндері мен таңдау бойынша бейіндік оқу пәндерін үйлестіру негізінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытуды жүзеге асыру. Міндетті оқу пәндерін оқумен қатар білім алушылардың оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлерінде бейіндік оқу пәндерін таңдауы қарастырылған. Бейінді оқыту білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылды. Білім алушы қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдады. Стандарттық деңгейдегі оқу пәндеріне қарағанда, бейінді оқытудың тереңдетілген деңгейдегі оқу пәндеріне сағат саны көп бөлінді. Стандарттық деңгейде бейіндік емес оқу пәндері оқытылды. Инвариантты компоненттің міндетті пәндері аясында келесі пәндер оқытылды: «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті», «Шетел тілі», «Қазақстан тарихы», «Өзін өзі тану», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық». Барлығы-11 пән. Таңдаған бағыттарына орай сыныптарда аталған пәндердің оқу жүктемелері әртүрлі. Пәндер бойынша жиынтық бағалауды жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізілді. Тілдік пәндер үшін бөлім бойынша жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің екі түрін біріктіреді (мысалы, тыңдау және сөйлеу, оқу мен жазу). Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша тереңдетілген деңгейде 10а,б және 11 а, б сыныптарында физика-география пәндері, 10 в ,11 в сыныптарында химия - биология пәндері, стандарттық деңгейде 10-11 сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» таңдалынып, оқытылды. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша бойынша тереңдетілген деңгейде 10г,11г-сыныптарында құқық, дүниежүзі тарихы пәндері оқытылды. Стандарттық деңгейде 10г, 11г –сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні таңдалынып, оқытылды. Пәндер бойынша жиынтық бағалауды жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізілді. Оқу бағдарламасын толық орындау мақсатында мереке күндеріне түскен сабақтардың тақырыптарын оқу мақсаттарына сай біріктіріп және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру комитетінің 2022 жылғы 15 наурыздағы №18-2/120-И қызметтік хатына орай, 2021-2022 оқу жылындағы 3 тоқсандағы (10- 15қаңтар) өткізілмеген апталық оқу бағдарламалардың тақырыптары 4 тоқсанға біріктіріп өткізілді. Күнделік электрондық жүйесінде 2021-2022 оқу жылында оқу бағдарламасы толық 100% орындалып отыр.

2022-2023 оқу жылы Бастауыш білім беру

Дінмұхамед Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2022-2023 оқу жылында арналған оқу жұмыс жоспары:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы Ғылыми кеңесі ұсынған «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттамасы) басшылыққа алына отырып құрылды.

1-4-сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365

бұйрығы 14-қосымшасы негізінде төмендетілген оқу жоспары Сонымен бірге, 2022-2023 оқу жылында 1 сыныптарда оқу ұзақтығы – 35 оқу аптасын, 2- 11 сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды. Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады. Білім алушылардың дайындық деңгейі «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» сияқты бірнеше мәндес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы: «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны «Сауат ашу», «Қазақ тілі», «орыс тілі» «Әдебиеттік оқу», «Шетел тілі» пәндерінде жүзеге асырылып келеді. Оқытылуы қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда орыс тілінен, шетел тілі (ағылшын) пәндерінен топқа бөлініп оқытылды. 2,3,4 сыныптарда қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәнінен 1,2 тоқсанда 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Яғни, 1 жж әр сыныпта (2,3,4 сыныптарда) 4 БЖБ, 2 ТЖБ өткізілді. **«Шетел тілі»** Мектепте «шетел тілі» ретінде «ағылшын тілі» пәні таңдалып оқытылып келеді. Бастауыш мектепте «Ағылшын тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану. Бастауыш білім беру деңгейінде тілдік пәндерден сабақ беретін мұғалімдер (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеуде ортақ тақырыптарды ескерілген. 2022 – 2023 оқу жылы «Ағылшын тілі» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен (5-қосымша) бекітілген 1- 4 сыныптарға арналған Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде оқытылады. 2-4 сыныптарда «Шетел тілі» пәнін оқу білім алушылардың тілдің А1 деңгейін меңгереді. БЖБ үшін жоғарғы балл 2-4-сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық болмауы ескеріле отырып, 1,2 тоқсанда 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. 1 жж бойынша 4 БЖБ, 2ТЖБ жұмысы өткізілді.

«Математика және информатика» білім беру саласы: «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндерінде іске асырылды. «Математика» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген (6- қосымша) «Математика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың логикалық ойлауын дамыту арқылы математикалық білім негіздерін қалыптастыру. Математика пәнінің ерекшелігіне байланысты әр БЖБ бойынша жалпы 8-10 балл, ал ТЖБ бойынша жалпы 12-18 баллдан жоғары болмауын ескере отырып, 2 сыныптарда 1 тоқсанда 2 БЖБ, 1 ТЖБ, 3,4 сыныптарда 3БЖБ, 1ТЖБ ал 2 оқу тоқсанында 2,3,4 сыныптарда 3БЖБ мен 1ТЖБ өткізілді.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні (1-сыныптан басқа), «Информатика» пәндерін оқыту кезінде сыныпты 2,3,4 сыныптарда топты екіге бөлу арқылы жүзеге асырылды. 1- сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні оқу жылының ІІ жарты жылдығынан бастап аптасына 1 сағаттан оқытылады. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Бастауыш сатыда «Цифрлық сауаттылық» пәнінен бөлімдер мен тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмейді. Жартыжылдықтар соңында «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша «есептелді» («есептелмеді») қойылады.

«Жаратылыстану» білім саласы: «Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәнінде іске асырылады. «Жаратылыстану» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген (7-қосымша) «Жаратылыстану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Үлгілік оқу жоспарының (жаңартылған мазмұн және оқу жүктемесі төмендетілген) 3-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәнін оқытуға бөлінген апталық оқу жүктемесінің көлемі 1 сағатты құрады. Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспары бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 14-4- тармағына сәйкес төмендетілген жүктемемен Үлгілік оқу жоспары бойынша 2-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәні аптасына 1 сағат оқытылатындықтан 2022-2023 оқу жылының 1 тоқсаны бойынша ТЖБ жүргізілмеді.

Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты (*Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы*) 11,12 қосымшасы негізінде 2022 жылдың тоқсанынан бастап, оқу жоспарының инварианттық бөлігіне өзгеріс енгізілді. «Жаратылыстану» білім беру саласы бойынша қазақ және орыс сыныптарында 3,4 сыныпқа жаратылыстану пәніне қосымша 1 сағаттан қосылды. 1 жж қорытындысы бойынша 2 сыныптарда 2 БЖБ, 1 ТЖБ өткізілсе, 3-4 сыныптарда 1 тоқсанда 1БЖБ, 2 тоқсанда оқу жүктемесінің өзгеруіне байланысты 2 БЖБ, 1ТЖБ

жұмысы жүргізілді. «Адам және қоғам» білім беру саласы: «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» пәнінде іске асырылады. «Адам және қоғам» білім беру саласы пәндерінің мазмұны «Адам - Қоғам» жүйесі шеңберінде кіріспе білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Пәндердің мазмұны қоғамдық қатынастардың өткені мен бүгінін, олардың өзара байланысын, адамдардың отбасындағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынастарын танып – білуге; өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, отбасындағы, жергілікті, өңірлік, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын ұғуға; өз халқының және басқа да халықтардың мәдениетіне деген құрмет сезімін дамытуға өз қылығы үшін жеке басы жауапкершілігін ұғынуына, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және бірге бөлісуге, адам мен қоршаған ортаға деген ізгілік қатынасын тәрбиелеуге бағытталды. 2-4 сыныптарда 2022-2023 оқу жылының 1 тоқсанына 1 БЖБ өткізілді. 1жж 2 БЖБ 1 ТЖБ жұмысы жүргізіледі.

«Технология және өнер» білім саласы: «Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке бауылу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы беріледі. «Музыка» пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың музыка бойынша негізгі білімі мен біліктерін, музыкалық іс-әрекеттерде шығармашылықпен өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. «Музыка» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. «Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 2-4 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылды.

«Көркем еңбек» – «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән. «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағатты; 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағатты құрайды.

«Еңбекке баулу» оқу пәні «Еңбекке баулу» пәні 2022-2023 оқу жылынан бастап, тек 1- сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады. «Еңбекке баулу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 35 сағатты құрайды. «Еңбекке баулу» пәнінің мақсаты – білім алушыны еңбек іс- әрекетіне дағдыландыру, олардың қарапайым құралдармен және әртүрлі материалдармен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту.

«Бейнелеу өнері» оқу пәні «Бейнелеу өнері» пәні 2022-2023 оқу жылынан бастап, тек 1- сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады. «Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың басты мақсаты - білім алушының қоршаған ортаны бейнелі қабылдау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту, оларды көркем өнерге баулу. «Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 35 сағат. 1 сыныптарда бағалау жүргізілмейді Мұғалім және білім алушылар әртүрлі жұмыс түрлерін орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтады. «Көркем еңбек» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

Дене шынықтыру» білім саласы: «Дене шынықтыру» білім саласының мазмұнына «Дене шынықтыру» пәні енгізілген. Дене шынықтыруды оқытудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық- спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Бастауыш және негізгі білім беру деңгейінде оқытылатын «Дене шынықтыру» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспарының оқу түріне байланысты төмендетілген оқу жүктемесімен аптасына 2 сағат беріліп отыр. Пән бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға «спорттық ойындарға» беріліп отыр. «Дене шынықтыру» пәні бойынша 1тоқсаны бойынша «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылды. «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім салалары бойынша барлық оқу пәндерінен «Күнделік» электрондық жүйесінде 2022 - 2023 оқу жылында оқу бағдарламасы 1 тоқсаны бойынша 100% орындалып отыр.

Негізгі орта білім беру

«Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығына сәйкес 2022-2023 оқу жылындағы басты ерекшелігі- оқу аптасының ұзақтығы 36 аптаны құрап отыр. Дінмұхамед Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2022-2023 оқу жылында оқу

процесін ұйымдастыру келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығына сай негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3- қосымшасының 2 тарауында негізгі орта білім берудің мазмұны оқу нәтижелеріне бағдарланады және Стандарт талаптары негізінде әзірленетін оқу пәндерінің оқу бағдарламаларымен айқындалатындығы атап көрсетілген. Негізгі орта білім берудің әр білім беру саласы бойынша базалық мазмұны білім алушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескеріле отырып анықталады. Негізгі орта білім берудің оқу жоспары оқыту тілдеріне қарай Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 19 қосымшалары негізінде төмендетілген оқу жүктемесімен жүзеге асырылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты (*Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы*) 16 қосымшалары негізінде жүзеге асырылып отыр. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес сыныпты екі топқа бөлу сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болғанда: 1) шетел тілдері; 2) көркем еңбек; 3) информатика пәндері екіге бөлініп оқытылады. "Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны "Қазақ тілі", "Қазақ әдебиеті", "Орыс тілі мен әдебиеті"; 3) "Шетел тілі" (ағылшын тілі) пәні аясында жүзеге асырылуда.

5-9-сыныптар бойынша «**Қазақ тілі**» пәнінің оқыту мақсаттары арқылы білім алушылардың тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым әрекеттері жүзеге асырыла отырып, олардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдысы қалыптасады.

«**Қазақ әдебиеті**» пәнінен 5-9-сыныптардағы оқу процесі оқу бағдарламасына сай үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: түсіну және жауап беру; анализ және интерпретация; бағалау және салыстыру. Негізгі орта білім беру деңгейінің 6 және 7-сыныптарында «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктірілген. Өлкетану материалдары 6, 7-сыныптарда 2 сағаттан 4 сағат көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспардың 3 және 4-тоқсандарына енгізілді. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту мақсаты- оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының (оқыту қазақ тілінде емес) төмендетілген оқу жүктемесінің ерекшеліктері оқу мақсаттары жеңілдетіп берілгендігінде. Оқу жылының ұзаруына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталауға, өтілген материалды бекітуге және күрделі тақырыптарды оқуға пайдалану ұсынылған. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту барысында 5-9 сынып оқушысынан күтілетін қазақ тілін меңгеру деңгейі В1 деңгейінде болуы шарт. «**Орыс тілі мен әдебиеті**» пәнін оқытудың маңыздылығы- орыс тілінің еліміздегі ұлтаралық қатынас құралы болып табылуында. «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту ауызша және жазбаша сөйлеудің коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (CEFR) сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарын аяқтаушылар пәнді меңгергеннен кейін А 2 деңгейін меңгеруі тиіс.

«**Шет тілі**» («Ағылшын тілі») оқу пәні «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұнында жүзеге асырылады. Оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді. Пәннің оқу бағдарламасы білім алушылардың талдау, бағалау және шығармашылық ойлауды қалыптастыратын түрлі тапсырмаларды орындау, ауызша және жазбаша түрдегі дереккөздердің сан алуан түрлері, ынталандыратын және қызықты пәндік мазмұн арқылы білім алушылардың шетел тілінен жалпыеуропалық құзыреттеріне (CEFR) сәйкес деңгейлеріне жету мақсатын көздейді. Негізгі орта білім деңгейі аяқталғаннан кейін білім алушылар «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша В1 тілдік деңгейіне жетуі тиіс. 5-9-сыныптарына арналған «Шетел тілі» пәнін оқыту білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды саналы меңгеруді қамтамасыз етуге, әртүрлі тапсырмалар арқылы тілдің А2-В1 деңгейін меңгеруге, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. Барлық тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны "Математика", "Алгебра", "Геометрия", "Информатика" оқу пәндерінде іске асырылады.

2022 жылдың 2 тоқсанынан бастап, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты *(Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы) 16,17-қосымшалары негізінде*- оқу жоспарының инварианттық бөлігіне өзгеріс енгізілді -7-9 сыныптарда **«Алгебра»** пәніне қосымша **1 сағаттан** қосылды. Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 7-9-сыныптарда **«Геометрия»** пәнінің апталық жүктемесі **1 сағатты** құрайды. Сондықтан, осы оқу жоспарымен оқытылатын «Геометрия» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады. 5-9 сыныптардағы «Информатика» оқу пәнінен тек бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі және олардың қорытындысы бойынша жарты жылдық баға қойылады, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді.

«Жаратылыстану» оқу пәнінің мазмұны «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны "Жаратылыстану", "Физика", "Химия", "Биология", "География" оқу пәндерінде іске асырылады. 5-6 сыныптарда «Жаратылыстану», 7-9 сыныптарда «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері аясында жүргізіледі.

2022 жылдың 2 тоқсанынан бастап, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты *(Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы) 16,17-қосымшалары негізінде*- оқу жоспарының инварианттық бөлігіне өзгеріс енгізілді -**5-6 сыныптарда «Жаратылыстану» пәніне, 7-9 сыныптарда «Физика», «Химия», «Биология» пәндеріне қосымша 1 сағаттан** қосылды. 2022-2023 оқу жылында «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруда 5-6-сыныптарда пәннің тәрбиелік әлеуетін іске асырудың үш басты бағытын көрсетуге болады: оқу материал мазмұнын іріктеу, сабақ құрылымын жетілдіру, қарым-қатынасты ұйымдастыру. «Физика» пәнін оқыту мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. 7-9-сыныптарда «Физика» пәнін оқытуда пәннің практикалық бағыттылығы күшейтіледі. Зертханалық және практикалық жұмыстың қажетті көлемін орындау үшін ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану ұсынылады. «Химия», «Биология», «География» оқу пәндерінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зертханалық, практикалық және модельдеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Зертханалық жұмыстарды жүргізудің мақсаты зерделенген теориялық материал негізінде оқу-зерттеу және нақты практикалық міндеттерді шешу тәжірибесін алу; маңызды теориялық ережелерді эксперимент бойынша дәлелдеу және бағалау, зерттеу жұмысының дағдыларын игеру арқылы практикалық міндеттерді шеше білу болып табылады. Практикалық жұмыстардың мақсаты - оқушылардың білімін бекіту, нақтылау, практикалық дағдыларын қалыптастыру және дағдыларын жетілдіру болып табылады. **"Адам және қоғам"** білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы", "Құқық негіздері" оқу пәндерінде іске асырылады.

2022 жылдың 2 тоқсанынан бастап, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты *(Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы) 16,17-қосымшалары негізінде*- оқу жоспарының инварианттық бөлігіне өзгеріс енгізілді - 7-9 сыныптарда **«Қазақстан тарихы» пәнінен қосымша 1 сағат** қосылды.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам» білім беру салаларының пәндері бойынша оқушыларды жиынтық бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

"Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны "Музыка", "Көркем еңбек" оқу пәндерінде іске асырылады.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске

асырылады. "Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеті дағдысы мен іскерлігіне, дене жаттығуларын жасауды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуге, базалық және ұлттық спорт түрлерінің техникалық қимылдары мен амалдарын меңгеруге бағытталады. «Дене шынықтыру» пәні топтарға бөлінбей оқытылады. Оқу жүктемесі төмендетілген оқу жоспарына сәйкес инвариантты бөліктен берілген екі сағат жүктемемен қатар вариативті компонент есебінен «Дене шынықтыру» пәніне 1 сағат бөлінген және осы сағат көлемінде міндетті түрде спорттық ойындар жүргізілуі тиіс. Бағдарламаға сәйкес үшінші сағат білім алушылардың белсенділігін спорттық ойындар арқылы арттыруға бағытталған. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 5-6 сыныптарда «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша әр тоқсан соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады. 5-6 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша, 7-9 сыныптарда «Көркем еңбек» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады. «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім салалары бойынша барлық оқу пәндерінен «Күнделік» электрондық жүйесінде 2022 - 2023 оқу жылында оқу бағдарламасы 1 тоқсаны бойынша 100% орындалып отыр.

Жалпы орта білім беру

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жалпы орта білім берудің мақсаты - кең ауқымды дағдыларды дамыту арқылы оқушылардың болашақта жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру ортасын жасау болып табылады. Жалпы орта білім беруді жүзеге асыру барысында үлгілік оқу жоспарына сай міндетті оқу пәндері мен таңдау бойынша бейіндік оқу пәндерін үйлестіру негізінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда оқушылардың қажеттіліктері мен таңдауларына байланысты бейінді оқыту жүргізіледі. Яғни, білім алушылардың міндетті оқу пәндерін оқумен қатар инвариантты компонентте оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлеріндегі бейіндік оқу пәндерін таңдауы қарастырылған. Мектеп-гимназия бойынша 2022-2023 оқу жылында оқытуы орысша жүргізілетін 10-11 - сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспарының 27,29- қосымшалары басшылыққа алынды. Бейінді оқытудың барлық бағыттары үшін міндетті оқу пәндері бойынша мазмұны "Алгебра және анализ бастамалары", "Геометрия", "Информатика", "Қазақ тілі", «Қазақ әдебиеті», "Орыс тілі мен әдебиеті", Шетел тілі", "Қазақстан тарихы", "Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәндерін құрайды.

Жаратылыстану бағытындағы сыныптар: Таңдаған бағыттарына орай сыныптарда міндетті пәндердің оқу жүктемелері әртүрлі. Пәндер бойынша жиынтық бағалауды жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізілді. «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. Тоқсан, жартыжылдық және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») белгісі қойылады. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына "Биология", "Химия", "Физика", "География" пәндері енеді. Осы бағыттағы бейінді оқытудың стандарттық деңгейдегі оқу пәндері қатарына "Дүниежүзі тарихы", "Құқық негіздері", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Графика және жобалау" пәндері енеді.

Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша тереңдетілген деңгейде 10а,б, 11 а,б сыныптарында физика-география, 10в, 11в сыныбында химия-биология, 10г география-биология

бағыттары таңдалынды. Тереңдетілген деңгейде оқушылардың таңдаған бағыттары бойынша 2 пәннен 3 сағаттан таңдау пәндері берілді. Стандарттық деңгейде барлық сыныпта да "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәні таңдалынып, оқытылды.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына "Шетел тілі", "Дүниежүзі тарихы", "География", "Құқық негіздері" пәндері енеді. Осы бағыттағы бейінді оқытудың стандарттық деңгейдегі оқу пәндері қатарына "Физика", "Химия", "Биология", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәндері енеді. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша тереңдетілген деңгейде 10д, 11г- сыныптарында дүниежүзі тарихы-құқық пәндері, стандарттық деңгейде «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні таңдалынып, оқытылды. 2022 жылдың 2 тоқсанынан бастап, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты (*Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы*) 24,26-қосымшалары негізінде оқу жоспарының міндетті пәндер бөлігінде, тереңдетілген және стандарттық бөліктерінде де келесі өзгерістер енгізілді. Оқу жоспарына сәйкес міндетті, тереңдетілген, стандарттық бөлімдердегі барлық оқу пәндері бойынша жиынтық бағалауды жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізілді. «Күнделік» электрондық жүйесінде 2022 - 2023 оқу жылында оқу бағдарламасы жыл бойынша 100% орындалып отыр.

2023-2024 оқу жылы Бастауыш білім беру

Дінмұхамед Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2023-2024 оқу жылында арналған оқу жұмыс жоспары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы; 23.09.2022ж №406 бұйрығымен өзгертілген .

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы ;

№ 264бұйрығы; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы Ғылыми кеңесі ұсынған «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алына отырып құрылды

1-4-сыныптарда 2023-2024 оқу жылында 1 сыныптарда оқу ұзақтығы – 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды. Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады. Білім алушылардың дайындық деңгейі «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» сияқты бірнеше мән-дес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

«**Тіл және әдебиет**» білім беру саласы: «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны «Сауат ашу», «Қазақ тілі», «орыс тілі» «Әдебиеттік оқу», «Шетел тілі» пәндерінде жүзеге асырылып келеді. 3,4 сыныптарда шетел тілі (ағылшын) пәндерінен топқа бөлініп оқытылды. 2,3,4 сыныптарда қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәнінен әр сыныпта (2,3,4 сыныптарда) 2 БЖБ, ТЖБ дан әр тоқсанға өткізу жоспарланды. «**Шетел тілі**» Мектепте «шетел тілі» ретінде «ағылшын тілі» пәні таңдалып оқытылып келеді. Бастауыш мектепте «Ағылшын тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін:

тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану. Бастауыш білім беру деңгейінде тілдік пәндерден сабақ беретін мұғалімдер (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеуде ортақ тақырыптарды ескерілген. 2023 – 2024 оқу жылы «Ағылшын тілі» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен (5-қосымша) бекітілген 3- 4 сыныптарға арналған Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде оқытылады. БЖБ үшін жоғарғы балл 2-4-сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық болмауы ескеріледі. Бастауыш білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны білім алушыларда қоршаған болмыстың алуан түрлі объектілері мен құбылыстарын сипаттау үшін бастапқы математикалық білімді қалыптастыруға; ауызша және жазбаша есептеу алгоритмдерін меңгеруге; есептер шығарудың жалпы амалдарын, өлшем және есептеу дағдылары негізінде логикалық пайымдаулар құра білу машықтарын дамытуға; ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарапайым құралдарын қолдану дағдыларын, ақпаратты іздеу, таңдау, жеткізу, объектілер мен процестерді жобалау, кестелермен, схемалармен, графикалармен және диаграммалармен жұмыс істеуде ең қарапайым әдістерді қолдану, интерпретациялау және деректерді ұсыну дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. **«Математика және информатика»** білім беру саласы: «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндерінде іске асырылды. Математика пәнінің ерекшелігіне байланысты әр БЖБ бойынша жалпы 8-10балл, ал ТЖБ бойынша жалпы 12-15 балдан жоғары болмауын ескере отырып, жоспарланды .2 сыныптарда 1 тоқсанда 2 БЖБ,1 ТЖБ, 3,4 сыныптарда 3 БЖБ, 1ТЖБ ал 2,3,4 оқу тоқсанында 2,3,4 сыныптарда 3 БЖБ мен 1ТЖБ өткізіледі. **«Цифрлық сауаттылық»** оқу пәні (1-сыныптан басқа), «Информатика» пәндерін оқыту кезінде сыныпты 2,3,4 сыныптарда топты екіге бөлу арқылы жүзеге асырылды. 1- сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні оқу жылының ІІ жарты жылдығынан бастап аптасына 1 сағаттан оқытылады. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Бастауыш сатыда «Цифрлық сауаттылық» пәнінен бөлімдер мен тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмейді. Жартыжылдықтар соңында «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша «есептелді» («есептелмеді») қойылады. **Жаратылыстану»** білім саласы: аталған пәндер бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының (өзгерістер мен толықтырулар ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 ж. № 412; 12.08.2023 ж. №365 бұйрықтарымен енгізілген) 1–3, 11–15-қосымшаларында (1- 4-сыныптар),. «Жаратылыстану» білім беру саласындағы бастауыш білім берудің мақсаты - «Адам – Табиғат» жүйесі шеңберіндегі ғылыми білімнің қарапайым деңгейін қамтамасыз ету. Білім алушылардың табиғатты тануға деген қызығушылығын, зерттеу дағдыларын дамытуға, қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан түсініп, көре білуді қалыптастыруға бағытталған «Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәнінде іске асырылады. «Жаратылыстану» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген (7-қосымша) «Жаратылыстану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Үлгілік оқу жоспарының (жаңартылған мазмұн және оқу жүктемесі төмендетілген) 3-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәнін оқытуға бөлінген апталық оқу жүктемесінің көлемі 2 сағатты құрады **«Адам және қоғам»** білім беру саласы: «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» пәнінде іске асырылады. «Адам және қоғам» білім беру саласы пәндерінің мазмұны «Адам - Қоғам» жүйесі шеңберінде кіріспе білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Пәндердің мазмұны қоғамдық қатынастардың өткені мен бүгінін, олардың өзара байланысын, адамдардың отбасындағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынастарын танып – білуге; өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, отбасындағы, жергілікті, өңірлік, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын ұғуға; өз халқының және басқа да халықтардың мәдениетіне деген құрмет сезімін дамытуға өз қылығы үшін жеке басы жауапкершілігін ұғынуына, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және бірге бөлісуге, адам мен қоршаған ортаға деген ізгілік қатынасын тәрбиелеуге бағытталды. Аталған оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 ,30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бұйрықтың 1-3, 11-15 (1-4 сыныптар) қосымшаларында берілген 2-4 сыныптарда 2023-2024 оқу жылының 1 тоқсанына 1 БЖБ өткізіледі. **«Технология және өнер»** білім саласы: Бұл пәндер бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен 2022 ж. 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бұйрықтың 1-3, 11- 15 (1-4-сыныптар) қосымшаларында берілген. «Технология

және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке бауылу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы беріледі. «Музыка» пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың музыка бойынша негізгі білімі мен біліктерін, музыкалық іс-әрекеттерде шығармашылықпен өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. «Музыка» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. «Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 2-4 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылды.

«Көркем еңбек» – «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке бауылу» оқу пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән. «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты; сағатты құрайды. «Еңбекке бауылу», «Бейнелеу өнері» оқу пәндері 1-2 сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады. «Еңбекке бауылу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. «Еңбекке бауылу» пәнінің мақсаты – білім алушыны еңбек іс-әрекетіне дағдыландыру, олардың қарапайым құралдармен және әртүрлі материалдармен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту. Мұғалім және білім алушылар әртүрлі жұмыс түрлерін орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтады. «Көркем еңбек» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

Дене шынықтыру» білім саласы: «Дене шынықтыру» білім саласының мазмұнына «Дене шынықтыру» пәні енгізілген. Дене шынықтыруды оқытудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады. Бастауыш және негізгі білім беру деңгейінде оқытылатын «Дене шынықтыру» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспарының оқу түріне байланысты төмендетілген оқу жүктемесімен аптасына 2 сағат беріліп отыр. Пән бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға «спорттық ойындарға» беріліп отыр. «Дене шынықтыру» пәні бойынша 1тоқсаны бойынша «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылады. «Дене шынықтыру» білім салалары бойынша барлық оқу пәндерінен «Күнделік» электрондық жүйесінде 2023 - 2024 оқу жылында оқу бағдарламасы 1 тоқсаны бойынша 100% орындалып отыр.

Негізгі орта білім беру

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы Ғылыми кеңесі ұсынған «2023-2024 оқу

жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты - оқу аптасының ұзақтығы 34 аптаны құрап отыр.

Негізгі орта білім берудің әр білім беру саласы бойынша базалық мазмұны білім алушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескеріле отырып анықталады. Негізгі орта білім берудің оқу жоспары оқыту

5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 500 бұйрығының 19-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға

арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары негізге

алынып жасақталады. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес сыныпты

екі топқа бөлу сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болғанда: 1) шетел тілдері; 2) көркем еңбек; 3) информатика пәндері екіге бөлініп оқытылады.

"Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны "Қазақ тілі", "Қазақ әдебиеті", "Орыс тілі мен әдебиеті";

3) "Шетел тілі" (ағылшын тілі) пәні аясында жүзеге асырылуда 5-9-сыныптар бойынша «Қазақ тілі» пәнінің оқыту мақсаттары арқылы білім алушылардың тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым әрекеттері жүзеге асырыла отырып, олардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдысы қалыптасады. «Қазақ әдебиеті» пәнінен 5-9-сыныптардағы оқу процесі оқу бағдарламасына сай үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: түсіну және жауап беру; анализ және интерпретация; бағалау және салыстыру. Негізгі орта білім беру деңгейінің 6 және 7-сыныптарында «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктірілген. Өлкетану материалдары 6, 7-сыныптарда 2 сағаттан 4 сағат көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспардың 3 және 4-тоқсандарына енгізілді. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту мақсаты- оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының (оқыту қазақ тілінде емес) төмендетілген оқу жүктемесінің ерекшеліктері оқу мақсаттары жеңілдетіп берілгендігінде. Оқу жылының ұзаруына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталауға, өтілген материалды бекітуге және күрделі тақырыптарды оқуға пайдалану ұсынылған. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту барысында 5-9 сынып оқушысынан күтілетін қазақ тілін меңгеру деңгейі В1 деңгейінде болуы шарт. «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың маңыздылығы- орыс тілінің еліміздегі ұлтаралық қатынас құралы болып табылуында. «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту ауызша және жазбаша сөйлеудің коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (CEFR) сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарын аяқтаушылар пәнді меңгергеннен кейін А 2 деңгейін меңгеруі тиіс. «Шет тілі» («Ағылшын тілі») оқу пәні «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұнында жүзеге асырылады. Оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді. Пәннің оқу бағдарламасы білім алушылардың талдау, бағалау және шығармашылық ойлауды қалыптастыратын түрлі тапсырмаларды орындау, ауызша және жазбаша түрдегі дереккөздердің сан алуан түрлері, ынталандыратын және қызықты пәндік мазмұн арқылы білім алушылардың шетел тілінен жалпыеуропалық құзыреттеріне (CEFR) сәйкес деңгейлеріне жету мақсатын көздейді. Негізгі орта білім деңгейі аяқталғаннан кейін білім алушылар «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша В1 тілдік деңгейіне жетуі тиіс. 5-9-сыныптарына арналған «Шетел тілі» пәнін оқыту білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды саналы меңгеруді қамтамасыз етуге, әртүрлі тапсырмалар арқылы тілдің А2-В1 деңгейін меңгеруге, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. Барлық тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүргізіледі

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны "Математика", "Алгебра", "Геометрия", "Информатика" оқу пәндерінде іске асырылады.

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 7-9-сыныптарда «Геометрия» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрайды. Сондықтан, осы оқу жоспарымен оқытылатын «Геометрия» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады. 5-9 сыныптардағы «Информатика» оқу пәнінен тек бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі және олардың қорытындысы бойынша жарты жылдық баға қойылады, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді. «Жаратылыстану» оқу пәнінің мазмұны «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны

"Жаратылыстану", "Физика", "Химия", "Биология", "География" оқу пәндерінде іске асырылады. 5-6 сыныптарда «Жаратылыстану», 7-9 сыныптарда «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері аясында жүргізіледі. 2023-2024 оқу жылында «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруда 5-6-сыныптарда пәннің тәрбиелік әлеуетін іске асырудың үш басты бағытын көрсетуге болады: оқу материал мазмұнын іріктеу, сабақ құрылымын жетілдіру, қарым-қатынасты ұйымдастыру. «Физика» пәнін оқыту мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. 7-9-сыныптарда «Физика» пәнін оқытуда пәннің практикалық бағыттылығы күшейтіледі. Зертханалық және практикалық жұмыстың қажетті көлемін орындау үшін ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану ұсынылады. «Химия», «Биология», «География» оқу пәндерінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зертханалық, практикалық және модельдеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Зертханалық жұмыстарды жүргізудің мақсаты зерделенген теориялық материал негізінде оқу-зерттеу және нақты практикалық міндеттерді шешу тәжірибесін алу; маңызды теориялық ережелерді эксперимент бойынша дәлелдеу және бағалау, зерттеу жұмысының дағдыларын игеру арқылы практикалық міндеттерді шеше білу болып табылады. Практикалық жұмыстардың мақсаты - оқушылардың білімін бекіту, нақтылау, практикалық дағдыларын қалыптастыру және дағдыларын жетілдіру болып табылады. "Адам және қоғам" білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы", "Құқық негіздері" оқу пәндерінде іске асырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам» білім беру салаларының пәндері бойынша оқушыларды жиынтық бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. "Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны "Музыка", "Көркем еңбек" оқу пәндерінде іске асырылады. «Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады. "Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеті дағдысы мен іскерлігіне, дене жаттығуларын жасауды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуге, базалық және ұлттық спорт түрлерінің техникалық қимылдары мен амалдарын меңгеруге бағытталады. «Дене шынықтыру» пәні топтарға бөлінбей оқытылады. Оқу жүктемесі төмендетілген оқу жоспарына сәйкес инвариантты бөліктен берілген екі сағат жүктемемен қатар вариативті компонент есебінен «Дене шынықтыру» пәніне 1 сағат бөлінген және осы сағат көлемінде міндетті түрде спорттық ойындар жүргізілуі тиіс. Бағдарламаға сәйкес үшінші сағат білім алушылардың белсенділігін спорттық ойындар арқылы арттыруға бағытталған. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 5-6 сыныптарда «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша әр тоқсан соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады. 5-6 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша, 7-9 сыныптарда «Көркем еңбек» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады. «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім салалары бойынша барлық оқу пәндерінен «Күнделік» электрондық жүйесінде 2023 - 2024 оқу жылында оқу бағдарламасы 1 тоқсаны бойынша 100% орындалып отыр.

Жалпы орта білім беру

Жалпы орта білім беруді жүзеге асыру барысында үлгілік оқу жоспарына сай міндетті оқу пәндері мен таңдау бойынша бейіндік оқу пәндерін үйлестіру негізінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда оқушылардың қажеттіліктері мен таңдауларына байланысты бейінді оқыту жүргізіледі. Яғни, білім алушылардың міндетті оқу пәндерін оқумен қатар инвариантты компонентте оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлеріндегі бейіндік оқу пәндерін таңдауы қарастырылған. Бейінді оқытудың барлық бағыттары үшін міндетті оқу пәндері бойынша мазмұны "Алгебра және анализ бастамалары", "Геометрия", "Информатика", "Қазақ тілі», «Қазақ

әдебиеті", "Орыс тілі мен әдебиеті", Шетел тілі", "Қазақстан тарихы", "Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәндерін құрайды. 10 А,Б,В Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 17-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары; 10 Г сыныпта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 19-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары; 11 А,Б,В сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 17-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары; 11 Г сыныпта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 19-қосымшасы Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарға арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары негізге ала отырып жасалды. Таңдаған бағыттарына орай сыныптарда міндетті пәндердің оқу жүктемелері әртүрлі. Пәндер бойынша жиынтық бағалауды жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізілді. «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. Тоқсан, жартыжылдық және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ» белгісі қойылады. Жаратылыстану - математикалық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына "Биология", "Химия", "Физика", "География" пәндері енеді. Осы бағыттағы бейінді оқытудың стандарттық деңгейдегі оқу пәндері қатарына "Дүниежүзі тарихы", "Құқық негіздері", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Графика және жобалау" пәндері енеді. Жаратылыстану - математикалық бағыты бойынша тереңдетілген деңгейде 10а,б, 11 а,б сыныптарында физика-география, 10в, 11в сыныбында химия-биология бағыттары таңдалынды. Тереңдетілген деңгейде оқушылардың таңдаған бағыттары бойынша 2 пәннен 3 сағаттан таңдау пәндері берілді. Стандарттық деңгейде 10а,б,в сыныптарына «Дүниежүзі тарихы» және "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 11 а,б,в сыныптарына "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" және «Графика және жобалау» пәндері таңдалынып, оқытылып жатыр. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына "Шетел

Пәндер бойынша білім сапасы				
№	Пәндер	2021-2022	2022-2023	(+,-)
Бастауыш буын				
1	Қазақ тілі	85,5%	87%	+1,5%
2	Әдебиеттік оқу	87,7%	89,3%	+1,6%
3	Орыс тілі	91,5%	95%	+4,5%
4	Ағылшын тілі	88%	88,3%	+0,3%
5	Математика	89%	88%	-1%
6	Дүниетану	91,6%	90%	-1,6%
7	Жаратылыстану	92%	91,3%	-0,7%
Негізгі буын				
1	Қазақ тілі	80,3%	80%	-0,3%
2	Қазақ әдебиеті	78,7 %	79,4%	+ 0,7%
3	Орыс тілі мен әдебиеті	88,1%	88,4%	+0,3%
5	Ағылшын тілі	85,1%	80%	-5,1%
6	Математика	71,2%	67,2	-4,0%
7	Алгебра	74,5%	75%	+1,5%
8	Геометрия	66,3%	65%	-1,3%
9	Информатика	93,6%	97%	+3,4%
10	Жаратылыстану	91,8%	82%	-9,8%
11	География	85,3%	85%	-0,3%
12	Биология	87,7%	75%	-12,7%
13	Физика	69%	70%	+1%
14	Химия	72,8%	65%	-7,8%
15	Қазақстан тарихы	88,9%	79%	-9,9%
16	Дүниежүзі тарихы	89,2%	83%	-6,2%
17	Құқық негіздері	89,1%	87%	-2,1%
Орта буын				
1	Қазақ тілі	79,2%	80%	-0,8%
2	Қазақ әдебиеті	70,6%	74%	+3,4%
3	Орыс тілі мен әдебиеті	92%	94%	+2%
4	Ағылшын тілі	86,6%	75%	-11,6%
5	Алгебра және анализ бастамалары	62,6%	68%	-6,6%
6	Геометрия	66%	69%	+3%
7	География	94%	91%	-3%
8	Биология	70,8%	87%	+16,2%
9	Физика	50%	80%	+30%
10	Химия	86,1%	75%	-11,1%
11	Қазақстан тарихы	86,7%	88%	+1,3%
12	Дүниежүзі тарихы	90,7%	88%	-2,7%
13	Құқық негіздері	100%	100%	%
14	Информатика	97,2	96%	-1,2

тілі
";
"Дү
ние
жүз
і

тарихы", "География", "Құқық негіздері" пәндері енеді. Осы бағыттағы бейінді оқытудың стандарттық деңгейдегі оқу пәндері қатарына "Физика", "Химия", "Биология", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәндері енеді. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша бойынша тереңдетілген деңгейде 10г, 11г- сыныптарында дүниежүзі тарихы-құқық пәндері, стандарттық деңгейде 10г де «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» және оқушылар сұранысы негізінде «Химия» пәндері 11 г сыныбында стандартты деңгейде биология және химия пәндері таңдалынып, оқытылып отыр. Оқу жоспарына сәйкес міндетті, тереңдетілген, стандарттық бөлімдердегі барлық оқу пәндері бойынша жиынтық бағалауды

жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізіледі. «Күнделік» электрондық жүйесінде 2023 – 2024 оқу жылында да оқу бағдарламасы жыл бойынша 100% орындалып шығуын назарға алынып, бақыланатын болады.

Оқу озаттары мен екпінділер

	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	(+,-)
Оқу озаттары	438	481	+43 оқушы
Оқу екпінділер	728	776	-48 оқушы
Барлығы	1166	1257	+91

Білім сапасы

	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Білім сапасы	73,3%	72,6	-0,7

2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша 1801 оқушымен аяқтап, 73,33 % білім сапасын көрсетіп отырмыз. Өткен оқу жылының жылдық қорытындысымен салыстыратын болсақ, оқушы саны 1688 ден 1801 оқушыға көбейіп, ал озаттар саны 412-ден 438 оқушыға, екпінділер саны 651-ден 728 оқушыға өсіп отыр. Үлгермеуші оқушы жоқ, жиынтық бағалау кезінде болмаған уақытша аттестатталмаған оқушы жоқ.

Білім сапасы былтырғы оқу жылғы жылдың қорытындысы бойынша 71,29 % , үлгерім 100% , болса биылғы оқу жылындағы жылдың қорытындысында 73,33 % білім сапасын, үлгерім сапасы 100 % болып, яғни 2,04 % -ға өсіп отыр.

Бастауыш буында өткен оқу жылының жылдық қорытындысымен салыстыратын болсақ білім сапасы 80,33% көрсетсе, ал биылғы оқу жылының жылдық қорытындысында 84,18 % -ды көрсетіп, 3,85 % өскен білім сапасын көрсетіп отыр.

5-8 орта буындарда 68,39 % -дан 70,28 % ға өсіп, 1,89% -ға өскен білім сапасын көрсетті. Ал биылғы IV тоқсан қорытындысымен салыстырсақ 63,10% -дан 70,28% -ға, яғни 7,18 % -ға өсіп отыр.

9 сыныптарда да білім сапасы 40,00% -дан 59,18% -ға көтеріліп отыр. Биылғы IV тоқсан қорытындысымен салыстырғанда 55,10-дан 59,18-ге өсіп отыр, яғни 4,08 пайызға өсіп отыр.

Жоғары 10-11 сыныптарда да білім сапасы 69,39 % -57,52 % түсіп отыр. Ал 4 тоқсан қорытындысымен салыстырғанда 52,29-дан-57,52 –ге өсіп отыр.

Жалпы мектеп былтырғы жылдың тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы 2,04 % пайызға көтеріліп отыр. Ал 4 тоқсан қорытындысымен салыстыратын болсақ 4,46 % -ға өсіп отыр.

Жыл бойғы жұмыс нәтижесін талдай келе, олқылықтарды жою жұмыс жоспарына төмендегідей бағыттарда нәтижеге бағытталған жұмыстар жүргізілді:

- Барлық сыныптарда мұғалімдер тарапынан олқылықтарды жою мақсатында қосымша сабақтар қойылып, оқушылардың материалды қабылдауы, өз бетімен жұмыстануға бағыттап жұмыстану.
- Пән мұғалімдеріне жеке оқушымен жұмыстың тиімділігін анықтау, жіберілген кемшіліктермен коррекциялық жұмыс жүргізу.
- Сабақ барысында PIRLS, PISA халықаралық зерттеудің негізгі бағыттарын пәндік сауаттылық және «Креативті ойлау» дағдыларын бағалау бойынша қолданысқа енгізу, байқау сынақтарын өткізу.

- Қорытынды аттестаттауға дайындықты күшейту. Әр айда өткен сынама қорытындысына талдау жасап, кемшіліктерін жою мақсатында қосымша коррекциялық жұмыстар жүргізу;
- 9,11 сынып оқушыларының білім сапасын арттырып мектепті нәтижелі аяқтауларына жұмыстану
- Бастауыш сыныптарда математикалық сауаттылықты арттыру ,тапсырмалар базасын кеңейту ,тиімді қолдану
- Бастауыш сыныптарда Мәнерлеп оқу өнерін жетілдіру (сабақта ,сабақтан тыс)
- 1 сыныптан бастап оқу және түсініп оқу дағдысын жетілдіру

2022-2023 оқу жылы

Соңғы 3 жылғы білім сапасына салыстырмалы талдау

Сын	2020-2021 о.ж жылдық	2021-2022 о.ж жылдық	2022-2023о.ж жылдық	Өзгеріс
1-4	80,33 %	84,18 %	84,64 %	4,31 % өсті
5-8	68,39 %	70,28 %	67,13 %	1,26 % түсті
9	40,00 %	59,18 %	54,36 %	4,82 % түсті
10-11	69,39 %	57,52 %	61,39 %	3,87 % өсті
1-11	71,29 %	73,33 %	72,67 %	тұрақты

Соңғы үш жылдағы білім сапасына салыстырмалы талдау жасайтын болсақ,көріп отырғанымыздай 2021-2022 оқу жылында 2%-ға артса,биылғы оқу жылында тұрақты білім сапасын көрсетіп отырмыз.Бастауыш пен жоғары буында өсіп отырмыз,бірақ орта буында 5-9 сыныптарда түскен білім сапасын көрсетіп тұр.

Сыныптар бойынша білім сапасын салыстыратын болсақ,көріп тұрғанымыздай тұрақты өсу байқалмайды.Барлық сыныптарда да 2 тоқсан бойынша түскен білім сапасын байқауға болады.6 сыныптар бойынша өскен білім сапасын көрініп тұр. Төмен білім сапасын көрсетіп тұрған 8,9 сыныптар.

Жалпы мектеп былтырғы жылдың тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы тұрақты болып тұр. Ал 4 тоқсан қорытындысымен салыстыратын болсақ 3,95 % -ға өсіп отыр.

Бір пәннен «3» шыққан оқушылар жыл басындағы нәтижемен алыстырғанда жылдың қорытындысы бойыша азайып отыр.

Оқу жылының жылдық қорытындысының нәтижесін талдай отырып, барлық буындарда білім сапасының өскені байқалып отыр.

Жыл қорытындысын талдай келе жаңа оқу жылына төмендегідей олқылықтарды жетілдіру көзделіп мектепшілік бақылауда басты назарға алынды ;

*Білім сапасын әр түрлі тәсіл арқылы сабақ үрдісінде тиімді жолдар арқылы арттыру.

- Ерекше білім алуды қажет ететін оқушылармен жеке жұмыстанудың әдістерін дамыту ,қолдау. Ата-аналармен байланысты күшейту.

*Қосымша жұмыстануды қажет ететін оқушылармен жеке жұмыс түрлерін үнемі жүргізу, ата-аналармен байланысты күшейту.

- Мұғалімдердің шығармашылық бағытта жұмыстануына әдістемелік бағыт беру, жас мамандарға қолдау ,тәлімгер жұмысын жандандыру .

- Мұғалімдердің шығармашылық іс тәжірибелерін республика,облыс,қала көлемінде тарату бағытында әдістемелік көмек беру.

- Оқушылардың функциональдық оқу сауаттылықтарын,математикалық сауаттылығын арттыру бағытында жұмыстану,база жинақтау,0,1 сыныптан бастап дағды қалыптастыру .

- Білім сапасының көрсеткіші төмен пәндері: химия(-11%) ,жаратылыстану (-9,8%),ағылшын тілі (-11%) мектепшілік бақылауға қою.

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп гимназиясындағы жалпы оқушылардың бағыты жаратылыстану – математикалық бағытта екендігін оқу жоспарлары мазмұнынан көруге болады. Бұл шағын ауданның ата-аналарының және оқушыларының сұранысын қанағаттандыру мақсатының дәлелі болмақ. Мектеп гимназиясының осы бағыттағы оқушылар жетістігі де аз еместігін мақтанышпен атай аламыз. Қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық сайыстар мен олимпиада жүлдегерлеріміз бар екендігін атап кетуге болады.

<https://44-mektep.edu.kz/kz/work-with-gifted-children>,

<https://44-mektep.edu.kz/kz/doska-pocheta/dostizheniya-uchenikov/1504-2022-2023-o-u-zhylynda-y-t-rli-baj-aular-dan-zhe-impaz-attan-an-o-ushylar-tizimi>

3. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыазаматтық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

44МГ-да қосымша білім беру үш бағытта жұмыс істеген:

2021-2022 оқу жылында:

- спорттық бағыт: шахмат, футбол, волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, каратэ, бағдарлаушы;
- көркемдік-эстетикалық бағыт: «Кескіндеме» қолданбалы өнер үйірмесі, «Айкөркем» би ансамблі.
- қоғамдық-әлеуметтік бағыт: «Дебат» пікірсайыс клубы.

2022-2023 оқу жылында:

- спорттық бағыт: шахмат, тоғызқұмалақ, каратэ, бағдарлаушы;
- көркемдік-эстетикалық бағыт: «Кескіндеме» қолданбалы өнер үйірмесі, «Айкөркем» би ансамблі.
- қоғамдық-әлеуметтік бағыт: «Дебат» пікірсайыс клубы

2023-2024 оқу жылында:

- спорттық бағыт: шахмат, тоғызқұмалақ, каратэ, бағдарлаушы;
- көркемдік-эстетикалық бағыт: «Кескіндеме» қолданбалы өнер үйірмесі, «Айкөркем» би ансамблі.
- қоғамдық-әлеуметтік бағыт: «Дебат» пікірсайыс клубы

Бұл үйірмелер, секцияларға 1-11 сыныптарының (1,2 ауысым) балалары қатысқан. Сабақ формасы - топтық.

Есепті кезең ішінде қосымша білім беру педагогтары түрлі іс-шаралар өткізген, мысалы: «Бағдарлаушы» үйірмесінің оқушылары жорықтар, өлкетану жорығы-туған өлкенің табиғатымен танысты, «Хореографиялық өнер», «Шахматтың даму тарихынан» тақырыбында сабақ-әңгімелер, мектеп-гимназия оқушылары арасында мектепішілік пікірталастар ұйымдастырылған.

«Айкөркем» би ансамблінің 23 жылдық шығармашылық кеші «Қазақ қызы» атты тақырыпта мюзиклі болған. Шығармашылық кеш барысында гүлдей жайнап ел-жұртың тамсандырған ансамблі кіші мен үлкен тобының «Гүлдер» биімен сахна ашылып, Ұмай ананың қыздарға тамсануымен кеш ерекшелене түскен. Керемет кеш жоғары деңгейде өтіп, көрермен ықыласына бөленген.

<https://www.instagram.com/p/Crobc6ArbVQ/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

<https://www.instagram.com/reel/CroZV2BAUSz/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

<https://www.instagram.com/p/CroWacPLcDV/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Қалалық білім беру бөлімінің ұйымдастырымен республикалық «Қазақстан-менің алтын бесігім» атты «Ұлттық пікірсайыс» турнирінің қалалық кезеңінен мектеп-гимназия 11-сынып оқушылары Талапова Д, Талап С 3-орынды иеленген. Жетекшісі: Бақытжанова Алтынай Қосыбайқызы.

<https://www.instagram.com/p/Cnzv-7nLAP9/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng>

Мектеп-гимназиясында «Менің атым-Тәуелсіздік» атты Тәуелсіздік күніне арналған шаралар жоспарына сәйкес 2022 жылдың 15 желтоқсан күні «Тәуелсіздік-басты құндылығымыз» атты жолдастық кездесу өткізілген. Б.П. «Қазақ тарихындағы ең ықпалды әйел адамды көрсетеді.»

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру мақсатында ұлттық мүдде құндылығын басшылыққа алып, жоспарланған «Тұғыры биік Туған ел» атты 25 қазан-Республика күніне орай өткізілген апталық іс-шара жоспарына сай «Жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында 10-сыныптар арасында пікірталас ұйымдастырылған.

Сонымен қатар, қолданбалы өнер мұғалімдері қолданбалы өнер үйірмесі оқушыларының көркем шығармаларының тұрақты көрмелерін ұйымдастырады. Сондай-ақ, қосымша білім беру педагогтары каникул кезеңінде оқушылардың ата-аналарын тарта отырып іс-шаралар өткізілген: ата-аналар мен балаларға арналған мастер-класстар, шахмат, тоғызқұмалақ, волейбол бойынша, ата-аналар мен балалардың қатысуымен сурет салу және панно жасау бойынша шеберлік сыныптары болған.

Бұл іс-шаралардың негізгі мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлескен шығармашылық қызмет арқылы отбасын бірыңғай білім беру кеңістігіне тарту.

2021-2022 оқу жылында спорт секцияларына 453 оқушы, қызығушылықтары бойынша үйірмелерге 769 оқушы қатысқан. Оқушыларды спорт секцияларымен, үйірмелермен қамту оқушылардың жалпы санының 90% -н құраған. 2022-2023 оқу жылында үйірмелерге, қосымша білім беру секцияларына қатысатын оқушылардың жалпы саны 350 оқушыны құраған. Спорттық бағыт – 225 оқушы, қызығушылықтары бойынша үйірмелер – 724 оқушы.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде оқу жоспары жасалды. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 тіркелген (8-қосымша).

Үйірмелердің, оқу жоспары секцияларының барлық бағыттары бойынша оқу бағдарламалары бар. Секциялардағы, үйірмелердегі сабақтардың ұзақтығы 1 академиялық сағат (45 минут).

Қосымша білім беру оқушылары мен педагогтары халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық, аудандық жарыстарда, конкурстарда белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді.

(тәрбие бойынша шығармашылық, спорт жетістіктері қосымша жалғанды)

4. Мектеп- гимназияның 2021-2022 оқу жылына тәрбие жоспары:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. берілген өзгерістер мен және толықтырулармен);
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» №518-ІҮ2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (02.07.2018 ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен);
- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы (04.07.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» № 345-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (24.05.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 483-ІҮ Заңы (22.12.2016 ж. өзгертулермен және толықтырулармен);
- Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы (Астана қ., 12 сәуір 2017 ж.);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамыту.2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Астана, 2016 жыл»;

- Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы (Астана қаласы 21 қараша 2018 ж.);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2013-2020 жылдарға арналған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысымен мақұлданған.«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын негізге ала отырып, гимназияның тәрбие жұмысының жүйесі «Мәңгілік ел» құндылықтары мен Отанға деген сүйіспеншіліктері жоғары, адами құндылықтарды бағалайтын, шығармашыл, көшбасшы, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталды.

Мектепшілік тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбына «Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру» алынған. **Оқу жылына қойылған мақсатына** «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарында балаларды тәрбиелеу және олардың бойында рухани-адамгершілік, құқықтық, патриоттық, жапсырадамзаттық қасиеттерді қалыптастыру көрсетілген.

Тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.
2. Рухани-танымдық тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылған.

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталған. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика - оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргізілген.

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарып, жылына 5 рет сынып жетекшілер мен педагог-кураторлар әдістемелік отырыстар өткізіп, хаттамаларын жазған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының әр бағыты бойынша қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылған.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу мақсатында дәстүрлі түрде 1 қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты жиындар, 1 қыркүйек "Кел, балалар, оқылық" тақырыбында салтанатты жиын өткізілген.

<https://www.instagram.com/tv/CTRg848A3kj/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/tv/CTSaKGGQglEh/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Сонымен қатар Егемендік алғанымызға 30 жыл толуына орай “Тәуелсіздік - ұлы дала ұрпақтарына аманат” атты 1-11 сыныптар арасында бірыңғай ашық тәрбие сағаттары өткен. 2021

жылдың 9-12 қыркүйек күндері аралығында «Мектеп парламенті» республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасына үміткер 5 оқушы сайлау алды үгіт насихаттарын жүргізген. 13 қараша күні ұйым мүшелері мектеп оқушыларымен ашық кездесіп, өз іс-шараларын жүзеге асырған.

<https://www.instagram.com/p/CTh48m2gIJ5/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/p/CT4PIY-smwO/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Сайлау нәтижесінде мектеп президенті лауазымына 49,5% жинаған 10"Г" сынып оқушысы Курманғалиев Ильяс сайланған. Курманғалиев Ильяс артылған жауапкершіліктерді орындауға салтанатты түрде ұстаздар мен оқушылар алдында ант қабылдаған. Үміткерлер арасынан барлық іріктеу кезеңдерінен өткен 4 қатысушы өзін-өзі басқару ұйымының құрамына енген.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Тәуелсіздік жетістіктері" тақырыбында барлық сыныптар арасында сынып сағаты өткізілген.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен "1 желтоқсан - Тұңғыш президент" күніне орай мектеп-гимназия қабырғасында бастауыш бірлестігі 4-сыныптарының ұйымдастыруымен «Туған жер - тұғырың, туған ел - қыдырың» атты тәрбиелік мерекелік шара өткізілген.

<https://www.instagram.com/p/CW7wTu1sAFa/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

8 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Жырлаймын елдік жырын" атты шаңырақ арасында патриоттық әндер байқауы өткен.

<https://www.instagram.com/p/CXrJ8x0MrOD/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

14 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен "Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының құрылғанына 10 жыл толу құрметіне орай "Жас ұлан", "Жас қыран" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер қоғамдық ұйымына қабылданып тұратыны көрсетілген.

<https://www.instagram.com/p/CXoRtk4sU-N/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

оқу жылы	«Жас ұлан»	«Жас қыран»
2021-2022	180	182

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған тоғызқұмалақтан мектепішілік сайысы өткен. "Жас ұлан" ұйымы оқушылары 23 қазан күні "Өзіңнен баста - начни с себя" акциясын өткізіп, мектебіміздің ауласы мен айналасына тазалық жұмыстары жүргізілген.

<https://www.instagram.com/tv/CVcPJdVA29D/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

2021 жылдың 7 қазан күні балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында «Жаман әдеттерден аулақ болайық» атты ер балаларға арналған жиналыс өткізіліп, барысында қылмысты болдырмау, жастар арасында өзекті мәселеге айналған электронды темекінің адам денсаулығына әсері туралы кеңінен ақпарат берілген.

<https://www.instagram.com/p/CUzHkZCsVqL/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Сынып жетекшілер каникул кезіндегі қауіпсіздік ережесінің міндетін оқушылар мен ата-аналарға таныстырылған.

Қараша айының 9-20 күндері аралығында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқаны өткен.

<https://www.instagram.com/p/CWYLNuQsKkR/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Мектеп инспекторы В.Б.Мухитова мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.Н.Мырзашева 21 желтоқсан күні «Түнгі қаладағы балалар» рейдіне шығып, көше аралап, 6-шы Қонаев шағын ауданындағы арбат бойына және сол аудандағы сауда үйлеріне барып түсінік жұмыстарын жүргізген. «Түнгі қаладағы балалар» рейд жұмыстары кезінде көшеде ұсталған оқушы анықталмаған.

<https://www.instagram.com/p/CX2o4WkoSuF/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында халықтың әлеуметтік қорғалатын тобына жататын азаматтарға қамқорлық көрсету, олардың жағдайларына көңіл бөлу мақсатында 2021 жылдың 1 қазаны мен 1 қарашасы аралығында «Мейірбандық күндері» қайырымдылық айлығы, «Алғыс айту» күні ұйымдастырылған. Тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес 1-11 сыныптар арасында Қарттар күніне орай бірыңғай сынып сағаттары өткізілген. Айлық барысында 11.10.2021 жылы 1-7 сынып оқушылары арасында «Қамқорлық», «Мейірімділік», «Қайырымдылық» тақырыбында көркем-сурет көрмесі ұйымдастырылған.

<https://www.instagram.com/p/CVX9EbNscuZ/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/tv/CVMa4NfoQzR/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

11 қыркүйек - "Отбасы күніне" орай 5-сыныптар арасында "Біз біргеміз - берік іргеміз" тақырыбында отбасылық сайыс оздырылған.

<https://www.instagram.com/tv/CTrgWefAFae/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Мектептің әкелер клубының жұмыс жоспарына сәйкес 8-9 сыныптың әкелері арасында «Әкенің өсиеті – балаға мұра!» атты танымдық әкелер сағаты өткізілген.

14 қазан күні “Жас ұлан” ұйымы мен 7-сынып оқушылары қаламыздағы қарттар үйіне барып жыл сайын дәстүрге айналдырған "Қарттарым-асыл қазынам" атты қамқорлық шарасын өткен.

Орал қаласы білім беру бөлімінің және мектебіміздің Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес мектептің жас мамандары мен 10-сынып оқушылары 23 қазан күні мейірбандық айлығы аясында "Жас мамандар" мектебінің жетекшісі Нурмуханбетова Д.У. ұйымдастыруымен Шин Тамара есімді үлкен кісіге барып, ұйымшылдықпен көмектерін көрсеткен.

“Сен үшін “Ұстаз” деген кім?” сұрағына өз ой-пікірлерімен жауап берген. “Ұстаздар күнімен” құттықтаған. “Ұстаз - мектептің жүрегі” мұғалімдер күніне арналған 10 күндіктің жоспары бойынша “Ұстазым” атты 5-сынып оқушыларының өлең шумақтарын жолдау челленджі өткен.

<https://www.instagram.com/tv/CUcl2DkgnwH/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

«Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында 2021 жылдың 4 қазан күні 6-7 сынып оқушыларымен қыздар жиналысы болған. Жиналысқа Орал қалалық көпбейінді ауруханасының акушер маманы Кулкаева Ақсұлу Абдуловна, СӨС кабинет мейіргері Кужагельдина Лаззат Матниязовна қатысқан.

<https://www.instagram.com/p/CUuO2bTsEXn/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

2021 жылдың 7 қазан күні балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында “Жас ерекшелігі гигиенасы” атты ер балаларға арналған жиналыс өткізілген.

Жиналысқа нарколог-дәрігер Сатқанов Нурлан Фатихуллиевич, мектеп инспекторы Мухитова Венера Биржановна, Орал қалалық емхананың дәрігері Байгудиев Асхат Айболатұлы қатысып, құқықтық сауаттылықты арттыру, қылмысты болдырмау, құқық бұзушылықтың алдын алу, оның ішінде жастар арасында өзекті мәселеге айналған электронды темекінің адам денсаулығына әсері туралы кеңінен ақпарат берген.

Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы кітап арқылы келетіні түсіндіру мақсатында мектеп кітапханасымен, М.Горький атындағы қалалық кітапханамен, Хамза Есенжанов атындағы тығыс байланыста жұмыс жасап, көптеген шараларға, байқауларға белсене қатысудамыз. «READx» оқырмандар конференциясын өткізу мектебімізде дәстүрге айналған. «20 минут кітап оқу, 5 минут эссе жазу» жобасы бойынша жұмыстанған.

Ұлттық тәрбие бағытында 10 қыркүйек 5-6 сынып оқушылары арасында Жыр алыбы Жамбыл шығармашылығы негізінде "Жамбыл - менің шын атым, халық - менің шын атым" тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы өткізілген. Байқау нәтижесі бойынша: Бас жүлде - Дайраби Ақнұр 5"Д" сынып оқушысы, жетекшісі Жардемова А.М; 1-орын - Зайткалиева Дильназ 5"В"сынып оқушысы, жетекшісі Махамбетова Н.Қ; 2-орын - Шилібай Салтанат 6 "Ж" сынып оқушысы, жетекшісі Суйншева Н.Ә; 2-орын - Сағынғали Айкөркем 5 "Ж" сынып оқушысы, жетекшісі Искалиева Ж.Б. 3-орын - Марат Іңкәр 5"З" сынып оқушысы, жетекшісі Жангелді А.Ж; 3-орын - Кенжеахмет Ажар 6 "А" сынып оқушысы, жетекшісі Муханғалиева Г.Б 3-орын - Жумашева Назлы 6"Б" сынып оқушысы, жетекшісі Муханғалиева Г.Б алған. Қалған қатысушылар алғыс хатпен марапатталған.

<https://www.instagram.com/tv/CTq6m0dA2-V/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

«ТІЛ МӨРТЕБЕСІ - ЕЛ МЕРЕЙІ» тақырыбында 25 қараша күні жерлес ақын Асантемір Қаршығаұлымен кездесу оздырылған. Шара "Өмірдің нәрі - поэзия" деп аталып, еркін әңгіме форматында өткен. Оқушылар көкейіндегі сұрақтарды қою арқылы сырласа отырып, ақынмен жақынырақ танысуға ынталы екендерін байқатқан. Сонымен қатар ақын шығармашылығынан өлеңдерді жатқа оқып, күй ойнап, ізгі тілектерін білдірген.

<https://www.instagram.com/p/CW0P-UqMBvh/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

14 наурыз күні «Көрісу айт», «Ұлыстың ұлы күні-Наурыз» мерекелеріне орай әдет- ғұрып, салт-дәстүр, қолөнер, ұлттық тағамдар бойынша сайыс, мерекелік концерт, ұлттық ойындар, салт-дәстүрлерді көрсету шаралары өткізілген.

<https://www.instagram.com/p/CbFeMmisS0/?igshid=MzRIODBiNWFIZA=>

Отбасы тәрбиесі бағытында қамқоршылар кеңесі және ата-аналар комитеттері белсене жұмыс жасалған. Мектеп қызметіне ата-аналардың қатыстыруымен «Азамат», «Шұғыла», «Әкелер ұлағаты», «Асыл әжелер», «Аталар алқасы», «Қыз Жібек» қыздар, ұладар,аналар, әкеле, әжелер клубтары жұмыс жасалынған. Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында алдын алу шаралары, жеке кеңестер ұйымдастырылған.

22-25 қазан күндері “Ананың балаға өсиеті” тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары оздырылған. Тәрбие сағатын куратор, сынып жетекшілер және ата-аналармен бірге өткізген.

6-11 қараша және 23 желтоқсан күндері ZOOM платформасы арқылы ата-аналар жиналысы оздырылған.

Әкелер клубының жұмыс жоспарына сәйкес 18 ақпан күні 5-7 сыныптың әкелері арасында «Әкеден биік бар ма адам?!» атты танымдық әкелер сағаты өткізілген.

<https://www.instagram.com/p/Cab6EgLrHIZ/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

2 наурыз күні 5-сыныптар арасында «Әже көңілдің ажары, Немере өмірдің базары» атты әже мен немере сайысы өткен.

14 наурыз - Көрісу мерекесіне орай “Әжелер сөзі - ақылдың көзі” атты 8-9 сынып оқушыларының әжелер ансамблімен кездесу кеші ұйымдастырылған. Мейрамға халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ырым-тыйымдарын келесі ұрпаққа жеткізіп насихаттайтын даналықтың, көрегендіктің көзі болған әжелер келген.

<https://www.instagram.com/p/CbFPibqMPvH/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/p/CbFkBGBSMWN/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Ұлыстың ұлы күнінде “Ұлттық тағам - дастархан байлығы” тақырыбымен mastership өткен. Бұл шараға 5-сыныптың оқушылары мен олардың аналары қатысқан. Сыныптың аналары ұлттық тағам түрлерінің жасалу жолынан мастер класс көрсеткен.

<https://www.instagram.com/p/CbsX4hJLUOv/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

11 сәуір күні “Баламыз келешекте қандай адам болғанын қалаймыз және оған қалайша ықпал жасауға болады?” тақырыбында 5-сынып ата-аналарының жиналысы оздырылған. Жиналыстың бірінші бөлімінде ата-аналар сыныптар бойынша топқа бөлініп, берілген нақыл сөздерді талдап, өз ойларын ортаға салған.

Екінші бөлімінде ата-аналар пән мұғалімдерімен кездесіп, көкейдегі сауалдарына жауап алған. 16 сәуір күні мектеп ауласында ағаш отырғызу акциясы оздырылған. Акцияға мектеп-гимназия оқушыларының ата-аналары белсене қатысып, 35-тей ағаш көшеттерін отырғызып, игілікті іске атсалысқан.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі бағытында да 22 қазан күні Мектеп парламенті “Жас ұлан” ұйымының ұйымдастыруымен “Дармарка - заттарға екінші өмір сыйла” акциясын өткізген. Акцияға 5, 6, 7 - сынып оқушылары қатысқан. “Жас ұлан” ұйымының оқушылары орта буынға қуаныш сыйлап, игі іс жасаған.

<https://www.instagram.com/p/CVXs672MwCP/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

9-11 қараша күндері “Жас ұлан” өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен “Таза ғаламшар” экологиялық акциясы болған.

<https://www.instagram.com/p/CWJKISXsOhE/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

22 қараша күні “Жас ұлан” өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 7-сыныптар арасында “Таза әлем” экологиялық сайысы оздырылған.

<https://www.instagram.com/p/CWuqaBXsG8m/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

25 қаңтар күні Адиетова Ботагоз Муратовна -“BOTA” брэндінің негізі салушы, модельер, суретші. Абдуллаева Лунара Илхамқызы - LUILFASHION балалар және әйелдер киімі брэндінің негізін қалаушы, БҚО Модель және Дизайн қауымдастығының мүшесі. Кабдушева Гулжан Амангелдиевна - жеке кәсіпкер, сән саласы мамандарымен жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткен.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мектеп-гимназия тәрбие жоспары бойынша жыл бойы тәрбие сағаттары, көрмелер, байқаулар өткізіліп, оқушылар облыстық, қалалық деңгейдегі жарыстардан жүлделі орындар алған. Х.Есенжанов атындағы облыстық балалар кітапханасында отыратын байқаулар мен қойылымдарға оқушылар белсене қатысқан.

<https://www.instagram.com/tv/CcYD2uOAKiv/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

11 қазан күні мектепте “Армысың, алтын күз” апталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес 6-сынып оқушылары арасында “Ғажайыпқа толы күз” атты ертегілер сайысы өткен.

<https://www.instagram.com/p/CU8dmMUIQ92/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

14 қазан күні “Ұнатамын күзді мен” атты мәнерлеп оқу сайысы болған. Сайысқа 3-4, 5-7 сынып оқушылары қатысып, күз тақырыбындағы өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтқан.

<https://www.instagram.com/p/CVJL1ELMEUe/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

17 қараша күні мектепте “Жазу миссиясы - ой еркіндігі” тақырыбында "БҰРШАҚ" шығармашылық бірлестігімен әдеби-танымдық кездесу кеші өткізілген.

<https://www.instagram.com/p/CWYdKcYMqKS/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

9 ақпан күні “Дарын” Мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, Дәулеткерей атындағы халық аспаптары оркестрінің дирижері, мектебіміздің түлегі Жарас Болатұлы Сатыбалдиевпен кездесу кеші ұйымдастырылған.

<https://www.instagram.com/p/CZ3X6frKqzJ/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

10-сынып оқушылары мен сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Алғыс айту - парызым!» атты сыныптан тыс шара өткен.

<https://www.instagram.com/p/CakkQtKLu4i/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

“Сұлулықты қолдаймыз” атты 5-7 сыныптар арасында би байқауы өткен.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша мектепте «Робототехника» үйірмесі жұмыс жасалған. "Scratch" алгоритмді программалау факультативтік бағдарламасы қала көлемінде, "Робототехника Arduino бастаушылар үшін" облыс көлемінде таратылған. "Робоәлем-2020" облыстық байқауында Төлепов Батыр I орын 2020 ж. Халықаралық "Roboland-2020" фестивалінің облыстық кезеңі М.Талапқали III орын, “Ұлы өнер тапқыштыққа алғашқы қадам” инновациялық идеялардың республикалық байқауы Б.Төлепов 2020-2021ж. Ғылыми жоба “Ақылды аялдама” II орын, RoboLend.kz халықаралық робототехника бағдарламалау және инновациялық технологиялар сайысынан I орын 2023 ж.

5-сынып оқушылары арасында кітап оқуды насихаттау үшін, рухани даму дағдысын қалыптастыру мақсатында мектеп кітапханасы және “Жас ұлан” өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен READx жобасы өткен.

<https://www.instagram.com/p/CVhJwpFg-1U/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

19-20 қазан күндері мектеп-гимназиямызда “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында 2-4 сынып оқушыларымен “Үздік оқу” мектепшілік байқауы өткізілген.

<https://www.instagram.com/p/CVIlSpEMkMT/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

12 қараша күні “Жас ұлан” өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 8-сыныптар арасында “JAY’AP” атты интеллектуалдық сайысы ұйымдастырылған.

<https://www.instagram.com/p/CWOX-KkMekl/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

3 желтоқсан күні жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадалық резерв тобы есімі Гиннестің рекордтар кітабына енген математика пәнінің мұғалімі Муаммер Гюльмен онлайн кездесу өткізілген. Муаммер Гюль олимпиадаға қатысушы оқушыларға жүйелі дайындық пен ізденістің қыр-сырымен бөлісіп, оқушылардың сұрақтарына жан-жақты жауап берген.

<https://www.instagram.com/p/CXAтPT6MKqz/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Кітапханашыларының ұйымдастыруымен “Ғарыш айлағы” атты 3-сыныптармен білімділер сайысы өткен.

<https://www.instagram.com/p/CcQMmPCMCN5/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

«Festival of Stars 2022» үздіктер шеруі ұйымдастырылған. Қала, облыс, Республика, Халықаралық көлемінде танытуда өз үлестерін қосып жүрген білімді де дарынды, өнерлі де талантты шәкірттерді марапаттап “Үздіктер шеруі” салтанатты түрде өткізілген.

<https://www.instagram.com/p/CbKkQfAMn29/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша үнемі денсаулық фестивальдары, спартакиадалар өткізіліп, «Денсаулық күндері» ұйымдастырылған. Білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, оның ішінде тамақтану мәдениетін қалыптастыру мақсатында да көптеген спорт түрлері бойынша шаралар оздырылған.

<https://www.instagram.com/p/CZUWSDPsdP/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Педагог-куратор Е.С.Бимұхановтың ұйымдастыруымен нашарлықтың алдын алу мақсатында «Салауатты өмір салты – сенің таңдауың!» атты іс-шара өткен. Іс-шараға арнайы қонақ Талғат Мықи – Қадыр Мырза Әлі атындағы облыстық өнер мен мәдениет орталығының қызметкері, белгілі айтыс ақыны, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, көптеген хит әндердің авторы шақырылған. Бисенғалиев Айнабек Сағындықұлы – Қадыр Мырза Әлі атындағы облыстық өнер мен мәдениет орталығының қызметкері, белгілі айтыс ақыны, республикалық ақындар айтысының жүлдегері.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған тоғызқұмалақтан сайыс өткен. «Денсаулық күні» шаңғы спортынан 9-сынып оқушылары арасында жарыс ұйымдастырылған.

“Балалар жылы” деп жариялануының іс-шаралар жоспары аясында 5-6 сынып оқушыларымен Рубик текшесін уақытқа жинаудан спидкубинг чемпионаты өткізілген.

<https://www.instagram.com/p/CZgQu5bs64o/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

3-8 сыныптардың қыздары арасында “Бес асық”, “Асық ату” ойынынан жарыс оздырылып, өзара жеңімпаздар анықталған. Қатысушыларға асықты ұстау тәртібі мен ойын ережелері түсіндіріліп, жарыс бойынша осындай орындар белгіленген.

<https://www.instagram.com/p/CbHVAgbssI1/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/p/CbHy1KsMKPB/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Барлық өткізілген үздік шаралар әлеуметтік желілерге, мектеп сайтына жарияланған.

-Құқықтық тәрбиені іске асыруда:

- Құқықтық тәрбие (құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті қалыптастыру);
- Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың және қаңғыбастықтың алдын алу;
- Балалар мен жастарға қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру;
- ҚІБ КТЖІБ мен құқықбұзушылықтың алдын- алуда арналған біріккен жұмыс;

Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық – зомбылыққа қарсы іс – қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 -2023 жылдарға арналған іс – шаралар жоспары «Сабақ», «Жасөспірім», «Қадағалау» жедел алдын-алу іс-шараларын іске асыру бойынша оқу жылы басталған сәттен балалар мен жасөспірімдердің күнделікті сабаққа қатысын қатаң түрде бақылау жұмысы жыл бойы жүргізілген, арнайы журнал жасақталып 1-11 сынып оқушыларын күнделікті сабаққа қатысы бойынша мәлімет жинақталып денсаулығына байланысты және себепсіз сабақ қалдырған оқушылар мен жекелеген жұмыстар жүргізілген. Жалпы мектеп оқушыларының себепсіз сабақ қалдыру жағдайлары орын алған жоқ, дейтұрғанмен денсаулығына байланысты он күннен немесе бір ай көлемінде сабақ қалдырған оқушылар дәрігердің анықтамасымен себепті болып танылған. Сондай-ақ балалар қауіпсіздігінің алдын-алу бойынша мереке күндері адамдар көп шоғырланатын орындарға, сауда орталықтарына мектеп тарпынан жауапты тұлғалар мектеп инспекторлары мен бірлескен түрде рейдтік шаралар жыл бойы жүргізілген.

Жыл бойы әр тоқсан барысында балалар мен жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігі мен құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша үнемі түсінік жұмыстары жүргізілген. Мектеп инспекторы Мухитова В.Б мен тығыз қарым-қатынаста жұмыстар жүргізілген.

<https://www.instagram.com/p/Cd0S97SssGh/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

2021-2022 оқу жылында ҚІБ-нің КТЖІБ-нің есебінде мектеп-гимназиясының оқушылары тұрмаған.

